

УНИВЕРСИТЕТ ТЫНЫСЫ



№3 (343)

30 СӘУІР 2026 ЖЫЛ

Газет 1996 жылдан бастап шығады

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ

**ДУЛАТИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ҒЫЛЫМИ ӘЛЕУЕТІ
ТАНЫСТЫРЫЛДЫ**



2

**«НАУРЫЗ – ЖАҢАРУ МЕН
ЖАҢҒЫРУ МЕРЕКЕСІ»
АТТЫ МЕРЕКЕЛІК ДУМАН
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ**



3

**УНИВЕРСИТЕТТЕ
СЕНБІЛІК
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ**



4

**ӨНЕГЕЛІ ӨМІР:
ҒАЛЫМНЫҢ ХАТЫ
ӨЛМЕЙДІ**



5

**МҰҒАЛІМДЕРГЕ
АРНАЛҒАН ОБЛЫСТЫҚ
СЕМИНАР ӨТТІ**



6

**ЖАС ҰРПАҚҚА
БЕРЕРІ МОЛ,
МАҒЫНАЛЫ БАСҚОСУ**



7

**ДУЛАТИ СТУДЕНТТЕРІ
СПОРТ ЛИГАСЫНДА ТОП
ЖАРДЫ**



8

12 СӘУІР - ҒЫЛЫМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚАЗЫҒЫ – ҒЫЛЫМ, АЛ ҚАЗЫНАСЫ - ҒАЛЫМ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт ТОҚАЕВТЫҢ ғалымдарды марапаттау рәсімінде сөйлеген сөзі

**Қадірлі қауым!
Құрметті ғалымдар!**

Ең алдымен, Ғылым қызметкерлері күні баршаңызға құтты болсын деймін. Осы белгілі мереке қарсаңында Ақордаға жиналып, бас қосу жақсы дәстүрге айналды. Бұл – еліміздің ғалымдар қауымына деген ерекше құрметі және айрықша ықыласының көрінісі. Себебі кез келген дамыған, яғни, озық мемлекеттің қазығы – ғылым, ал қазынасы – ғалым.

Әр елдің ғылыми әлеуеті – оның абырой-беделі мен күш-қуатының өлшемі десек, қате болмайды. Ғылымға басымдық беретін, ғалымын қадірлейтін, басқаша айтсақ, «ғылым-білім бар жұрттар» ғана өркеніеттің өріне шығады. Бұл – ақиқат. Түптеп келгенде, адамзаттың барлық жетістігі ғалымдардың зияткерлік еңбегінің жемісі екені сөзсіз.

Қазір осы залда түрлі салада зор табысқа жеткен зерделі зерттеушілеріміз отыр. Сіздер ұлт сапасын арттыруға, халықтың әл-ауқатын жақсартуға мол үлес қосып келесіздер. Баршаңызға шынайы ризашылығымыз білдіремін.

Хәкім Абай айтып өткендей, «Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ». Бұл – ешқашан өзектілігін жоғалтпайтын тағылым. Біз бәсекеге қабілетті ел боламыз десек, ең алдымен, ғылымды дамытып, жаңа технологияны, жасанды интеллектті меңгеруіміз керек.

Өздеріңізге мәлім, мен осы жылды Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жарияладым. Ғылымға бет бұру-өсіп-өркендеуге ұмтылған әрбір елдің тарихи міндеті. Біз мұны жақсы түсінеміз. Мемлекет ғылым саласына үнемі қолдау көрсетуде. Кейінгі 5 жылда осы салаға бөлінетін қаржы көлемі 6 еседен асты. Қазақстанда зерттеу университеттерінің саны көбеюде. Ғылыми жобаларға инвестиция салатын бизнес өкілдеріне салық жеңілдігі берілетін болды.

Алдымызда тағы бір маңызды міндет тұр. Біз ғалымдар ғылыммен алаңсыз айналысуы үшін қолайлы жағдай жасауымыз қажет. Өйткені қазақ ғылымының болашағы – көзі ашық, көкірегі ояу, ойы ұшқыр және мақсаты биік жастардың қолында. Талапты әрі талантты азаматтар келешекте ұлттың шамшырағына айналады. Олар Қаныш



Сәтбаев сияқты алып тұлғалардың жолын жалғайды. Сондықтан жас зерттеушілерге қамқор болуымыз керек.

Бұл бағытта нақты бастамалар жүзеге асырылып жатыр. Қазіргі таңда 600-ден астам жас ғалымға баспана берілді.

Бұдан бөлек, оларға арнаулы гранттар бөлінуде.

Жыл сайын жас зерттеушілер әлемнің жетекші ғылыми орталықтарына барып, тәжірибе жинап, тағылым алып жүр. Осындай нақты шаралар алдағы уақытта да жалғасын табады.

Ғылымды қолдау, ғалымдарға ел болып құрмет көрсету, бұл – ең алдымен қоғамда еңбекқорлық, білімпаздық, жасампаздық құндылықтарын орнықтыру деген сөз. Халқымыздың ойы озық болса, өскелең ұрпақтың да ғылым-білімге деген ықыласы айрықша болары анық. Зерделі әрі зияткер ұрпақ тәрбиелеу – баршаға ортақ парыз. Оған мемлекет те, ата-аналар да бірдей жауапты.

Мен былтыр «Келешек» бірыңғай жинақтау жүйесін құру туралы тиісті Заңға қол қойдым. Бұл жүйе арқылы ата-аналар баласының болашақта сапалы білім алуына қаражат жинай алады. Қазірдің өзінде 200 мыңға жуық азамат арнайы есепшот ашты. Мұны болашаққа салынған ең ұтымды инвестиция деуге болады.

Тағы бір мәселе. Ғылымның әлеуетін ел игілігіне жарата білу қажет.

Ғалымдарымыз ашқан жаңалықтар зертханалар аясында қалып қоймауы керек. Нақты нәтиже беретін, өндіріске енгізуге болатын жобаларды жүзеге асыру қажет. Бір сөзбен, ғылым экономика мен қоғамның сұранысына сай болуға тиіс. Бұл мақсат Үкіметтің ұдайы назарында болуы керек, себебі осы міндеттің еліміз үшін мән-мағынасы ерекше. Сонымен қатар, бұл – әлемдегі ең үздік компаниялардың берік ұстанымы, бұлжымас қағидасы. Жаһандық деңгейдегі ірі технологиялық корпорациялар бірінші кезекте білім мен ғылымға басымдық береді, ғылыми жаңалықтарды өндіріске жедел енгізеді.

Таланттарды қызметке тарту жағынан да бұл компаниялар көш бастап тұр. Адам капиталы олардың негізгі құрылымы болып саналады. Технология мен инновация - дамуың ең басты әрі баламасыз шарты. Мұны XXI ғасырдың үздік компаниялары дәлелдеп отыр.

Біздің еліміз үшін де қолданбалы ғылымды дамыту – аса маңызды міндет. Осы бағыттағы жобалардың саны көбейді. Бұл – өте жақсы үрдіс. Әсіресе, университеттердің технологиялық даму орталығы ретінде қалыптасып жатқанын атап өту қажет. Мысалы, былтыр University Medical Center мекемесіне Қарасты Жүрек Орталығының дәрігерлері ALEM (Astana Life Ex-situ Machine) деп аталатын инновациялық медициналық құрылғы

ойлап тапты. Мұны өткен жылдың ең айтулы ғылыми жаңалығы деп айтуға болады. Осы құрылғы донорлық ағзалардың өміршеңдігін 24 сағаттан астам уақыт сақтауға мүмкіндік береді. Мұндай бірегей жаңалықтар қазақ ғылымының әлеуеті, жалпы еліміздің даму деңгейі жоғары екенін көрсетеді.

Дегенмен ғылым саласында шешілмеген түйткілдер де аз емес.

Мен наурыз айында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде болғанымды білесіздер. Сол жерде ғалымдармен арнайы кездесіп, біраз мәселеге тоқталдым. Әсіресе, ғылымды қаржыландыру жұмысын ретке келтіріп, қатаң бақылауға алу қажеттігі туралы айттым. Басты мақсат қаржыны игеру емес, қоғамға пайдасы тиетін жобаларды жүзеге асыру болуға тиіс.

Білікті инженерлік-техникалық кадрларды даярлауға баса назар аударған жөн. Бұл ретте негізгі жауапкершілік жоғары оқу орындарына жүктеледі. Ұлттың зияткерлік қуаты дәл осы білім ордаларында қалыптасады. Университеттер өз миссиясын адал атқарса, білікті мамандар мен кәсіби кадрлардың қатары арта түсері сөзсіз.

Бұдан бөлек, ғылым қалашықтарына және қарқынды дамитын қалаларға жаңа технология енгізуді жолға қоюымыз керек. Қазір Құрчатов қаласына ғылым қалашығы мәртебесін беру үшін нақты жұмыс жүргізіліп жатыр.

Инвесторларды осындай даму орталықтарына қаржы салуға ынталандыру қажет. Бұл да – Үкіметтің өзекті міндеттерінің бірі.

Төктерін айтсақ, алда атқаратын шаруа көп. Ширақ қимылдап, тиянақты жұмыс істеуіміз керек. Ғылым саласындағы күрделі мәселелерді мемлекет пен ғылыми қауымдастық күш жұмылдырып, бірлесе шешеді деп ойлаймын.

Құрметті ғалымдар!

Өздеріңізге мәлім, Қазақстанда 15 наурыз күні тарихи мәні зор референдум өтті. Азаматтардың басым бөлігінің қолдауымен мемлекетіміздің іргесін нығайтатын, елді барлық салада, соның ішінде ғылымда орнықты даму траекториясына шығаратын жаңа Конституция қабылданды.

(Жалғасы 2-бетте)

ҚҰТТЫҚТАУ

ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР, ҚАДІРЛІ ЗИЯЛЫ ҚАУЫМ!



Сіздерді Қазақстандағы Ғылым қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бүгін біз елдің зияткерлік әлеуетін айқындайтын, болашақтың іргетасын қалайтын ғылым саласының өкілдерін құрметтеу үшін жиналып отырмыз. Бұл – ғылымға деген мемлекеттік қолдаудың нақты көрінісі.

Жақында ғана халықтың қолдауына ие болып, қабылданған жаңа Конституциямызда адами капиталды, ғылым мен инновацияларды дамыту алғаш рет мемлекет қызметінің стратегиялық бағыты ретінде анықталды.

Бұл – еліміздің даму бағыты табиғи байлықтарға ғана емес, ең алдымен адам капиталына, білімді ұлт пен зияткерлік әлеуетке сүйенуі тиіс деген түбегейлі көзқарастың көрінісі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ғылыми қауымдастықпен кездесуінде: «Ғылым – ел дамуының басты драйвері болуы тиіс. Біз ғылымды нақты экономикамен байланыстырып, оның нәтижесін халық игілігіне айналдыруымыз керек» деп атап өтті. Бұл – бүгінгі ғылым саясатының негізгі бағытын айқындайтын стратегиялық ұстаным.

Қазіргі таңда Қазақстанда ғылыми-зерттеу және тәжірибелік конструкторлық жұмыстармен айналысатын ғалымдар саны 25 мыңнан асады.

Олардың қатарында мыңдаған жас зерттеушілер, PhD докторлар мен ғылыми дәрежесі бар мамандар бар. Елде 400-ден астам ғылыми ұйым мен жоғары оқу орындары ғылыми зерттеулер жүргізіп жатыр. Соңғы жылдары ғылымды қаржыландыру көлемі бірнеше есе өсіп, ішкі жалпы өнімдегі ғылымның үлесін арттыру бағытында нақты қадамдар жасалуда.

Қазақстандық ғалымдардың халықаралық деңгейдегі әлеуеті де артып келеді. Бүгінде отандық зерттеушілердің Scopus және Web of Science базаларына енгізілген беделді журналдарда жарияланып, олардың дәйексөздік көрсеткіштері тұрақты түрде өсіп жатыр. Бұл – қазақстандық ғылымның жаһандық ғылыми кеңістіктегі орны нығайып келе жатқанын көрсетеді. Сонымен қатар елімізде жас ғалымдарды қолдау жүйесі күшейтіліп, ғылыми гранттар, тағылымдамалар мен халықаралық әріптестік бағдарламалар кеңейтіліп жатыр. Бұл – ғылымның тұрақты дамуы мен сабақтастығын қамтамасыз ететін маңызды фактор.

Қадірлі ғалымдар! Сіздердің еңбектеріңіз – ел болашағының негізі. Ғылымға адал қызмет ету – үлкен жауапкершілік. Сіздердің ізденістеріңіз бен жаңалықтарыңыз Қазақстанның тұрақты дамуына, технологиялық ілгерілеуіне және жаһандық бәсекеге қабілеттілігіне жол ашады. Жас зерттеушілерге ерекше үміт артылады.

Сіздер - ғылымның жаңа буыны, жаңа ойдың иесісіздер. Батыл бастамаларыңыз бен тың идеяларыңыз еліміздің ғылыми серпілісінің қозғаушы күшіне айналатынына сенемін. Алдағы міндет – ғылым мен өндіріс арасындағы байланысты күшейту, университет ғылымын дамыту және Қазақстанды өңірлік ғылыми орталыққа айналдыру. Бұл – уақыт талабы. Ғылым тек есеп үшін жазылатын мақала емес, ертең экономикаға нақты әсер ететін құралға айналуы керек – әйтпесе ол архивте шаң басып жата береді.

Құрметті қауым!

Ғылымға салынған инвестиция – елдің болашағына салынған инвестиция. Сондықтан бұл бағыттағы жұмыс тек жалғасып қана қоймай, жаңа деңгейге көтеріледі.

Баршаңызға зор денсаулық, толағай табыс, жаңа ғылыми жетістіктер тілеймін! Қазақстан ғылымы өркендей берсін!

*Құрметпен және ізгі тілекпен,
Саясат Нұрбек
Қазақстан Республикасының Ғылым
және жоғары білім министрі*

ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР! ҚАДІРЛІ ПРОФЕССОР- ОҚЫТУШЫЛАР ҚҰРАМЫ, ҒАЛЫМ ҰСТАЗДАР!

Сіздерді 12 сәуір – Ғылым қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл мереке – ғылым мен білімнің дамуына өлшеусіз үлес қосып жүрген барша ғылым қызметкерлерін біріктіретін айтулы мерекесі.

Жақында ғана халықтың қолдауына ие болып, жаңадан қабылданған Ата Заңда адам капиталын, білімді, ғылымды, инновацияны дамыту мемлекет қызметінің стратегиялық бағыты ретінде анықталып, түбегейлі құндылықтар ретінде көрсетілді.

Жаһандық технологиялық өзгерістер дәуірінде елдің бәсекеге қабілеттілігі білім, ғылым, инновация және адами капитал сапасына тікелей байланысты.

Қазір - инвестицияның, ғылым мен жоғары технологияның уақыты. Дамыған елдер ғылымға да, технологияға да баса мән беріп жатыр. Өйткені, кез келген елдің әлемдегі орны ғылымның даму деңгейіне қарай анықталады. Бізде үлкен түбегейлі ғылым - технологиялық өзгерістер алдында тұрмыз.

Елімізде отандық ғылым саласы қарқынды дамып, әлемдік өркеніетке өз үлесін қосып келеді. Қазақстандық ғалымдардың халықаралық деңгейдегі әлеуеті де артуда. Жас ғалымдарымыздың жаңа жетістіктерге жетуіне үлкен мүмкіндік жасалынып, қолдау жүйесі күшейтіліп келеді.

Алдағы уақытта еліміздің даму бағдары ғылым мен білімге тікелей байланысты болмақ.

Сондықтан біз де ғылым мен білімді дамытуға баса мән беріп, нақты нәтижелерге қол жеткізетіндігімізге сенімдіміз.

Отандық ғалымдардың табанды еңбегі мен жаңашыл бастамалары қоғамның, ғылымның тұрақты дамуы жол ашатыны сөзсіз.

Баршаңызға осы айтулы мереке күні зор денсаулық, шығармашылық табыс, жаңа ғылыми жетістіктер тілеймін!

Ғылым жолындағы еңбектеріңіз ардайым жемісті, бастамаларыңыз баянды болып, еліміздің өркендеуіне қосар үлестеріңіз арта берсін!



*Құрметпен,
Ләззат Еркінбаева
М.Х. Дулати атындағы Тараз
Университетінің Басқарма Төрағасы-Ректор*

12 СӘУІР - ҒЫЛЫМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚАЗЫҒЫ – ҒЫЛЫМ, АЛ ҚАЗЫНАСЫ - ҒАЛЫМ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт ТОҚАЕВТЫҢ ғалымдарды марапаттау рәсімінде сөйлеген сөзі

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ата заңымыздың преамбуласында алғаш рет мәдениет, білім беру, ғылым және инновация құндылықтары нақты бағдар ретінде белгіленді. Яғни аталған салаларды жан-жақты қолдауға стратегиялық маңыз берілді. Ең бастысы, бұл бағыттарды дамыту мемлекеттің конституциялық міндетіне айналды.

Орайлы сәтті пайдалана отырып, Конституцияны әзірлеуге және қабылдауға айтарлықтай үлес қосқан барша ғылыми-академиялық қауымдастыққа ризашылық білдіреміз.

Өтпелі ережелерге сай, жаңа Ата заң 2026 жылдың 1 шілдесінен бастап күшіне енеді. Сол уақытқа дейін негізгі заңдардың барлығы Конституция нормаларына сәйкестендірілуге тиіс. Бұл бағытта Парламент ауқымды заң шығару жұмысына кірісті. Депутаттар заң жобаларын мұқият әрі жедел қарастырады деп сенемін.

Мемлекет басшысы ретінде еліміз үшін елеулі оқиғалар туралы алдын ала ақпарат беру өте маңызды деп санаймын. Конституция күшіне енген сәттен бастап бір палаталы Құрылтай сайлауын өткізу жөніндегі Жарлыққа қол қоямын. Сайлау биыл тамыз айында өтеді.

Мұны әдейі ерте айтып отырмын. Өйткені партиялардың жоспарларын айқындап, сайлау науқанына дайындық жүргізуіне жеткілікті уақыты болуы керек. Осылайша, партиялардың сайлаушылармен тиісті жұмыс жүргізуіне бес айға жуық уақыт беріледі.

Құрылтай сайлауы Қазақстанның бүкіл саяси жүйесін жаппай «қайта құруға» жол ашады.

Бұл ретте біз жүзеге асырып жатқан саяси және экономикалық реформалар қоғамдық сананың оң сипатта өзгеруіне әсер етуге тиіс. Мен мұның маңызы жөнінде бірнеше рет айттым.

Осы күрделі үдерісте ғалымдар ерекше рөл атқарады. Өйткені олар өркениет құндылықтарын дәріптеп, санаткерлік және моральдық қасиеттерімен көпке үлгі көрсетеді. Нағыз ғалымдар ескілік пен қараңғылыққа қарсы күрестің алғы шебінен табылып, ағартушылық пен білім жолында әрдайым топ бастаған.

Әлемнің екінші ұстазы әл-Фараби дөп басып айтқандай, «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы». Сондықтан гуманизм, әділдік, жауапкершілік құндылықтары салтанат құрып, өскелең ұрпақты адамгершілік және заңды құрметтеуге тәрбиелегенде ғана шынайы өркендеуге бет аламыз.

Біздің қоғам жақсы мен жанан туралы деструктивті түсініктердің жетегіне ермеуге тиіс, төл болмысымызға жат дүниетанымға көзсіз сенбеуі қажет. Оның салдары ауыр болады.

Ынтымақ-бірлігіміз бен тұрақтылығы-



мыздың іргесін шайқап, әлеуметтік және ұлтаралық алауыздықты қоздырғысы келетіндердің әрекетіне заң жүзінде қатаң тосқауыл қойылады. Конституцияда жазылғандай, елімізде заң мен тәртіп үстемдік құруы керек.

Ғалымдарымыз үнсіз қалмай, қоғамда, әсіресе, жастар арасында жауапкершілік пен тәртіп қағидаттарын дәріптеуі қажет деп санаймын.

Құқықтық нигилизмге жол жоқ. Біздің таңдауымыз – заңға бағынатын парасатты қоғам.

Жақында АҚШ соттарының бірі шығарған шешімге сәйкес, кейбір интернет-платформалардың алгоритмі балаларға зиян келтіріп, психологиялық тұрғыдан тәуелді ететіні мойындалды. Біз бұдан сабақ алуға тиіспіз. Сондықтан ұрпақ тәрбиесін әлеуметтік желілер мен видеосервистердің бодауына беріп қоюға болмайды. Бұл қосымша зерртеуді қажет етпейтін факт.

Отбасы институты мен білім беру жүйесін нығайту, шын мәнінде, балаларды кітап оқуға баулумен тығыз байланысты. Жалпы, осылай болуы қажет. Қанша жерден пессимистік пікірлер айтылса да, кітап – білім бұлағы әрі тәлімгер ретінде маңызын жоя қойған жоқ. Кітап оқыған сайын танымың тереңдейді.

Кітап ақыл-ойды шыңдап, дүниетанымыңды кеңейтетіні, адамдардың өз қарым-қабілетіне деген сенімі күшейтетіні белгілі.

Таяуда еліміз Ұлттық кітап күнін екінші рет атап өтеді. Жұртшылықтың қолдауына ие болған бұл бастама отандық

баспа саласының жұмысын жүйелеп, шетелдік авторлардың өзекті, пайдалы көркем шығармаларының аударылуына түрткі болуға тиіс. Кітап оқу үрдісі төл дүниетанымымыздың ажырамас бөлігіне, ұлттың озық қасиетіне айналған жөн. Ғалымдар бұл іске салмақты үлес қосуға міндетті деп санаймын.

Осы тұста мына бір аса маңызды мәселені қайта атап өткім келеді: біз қоғамда заң үстемдігі қағидатын, яғни заңға бағыну мәдениетін түбегейлі орнықтыруымыз қажет. Заң мен тәртіп идеологиясы күнделікті өмірдің барлық саласында қатаң сақталуға тиіс: қоғамдық орындағы жүріс-тұрыс мәдениетінен, оның ішінде жиын-тойлардан, тұрмыстық мәдениеттен бастап, жолда көлік жүргізу мәдениетіне дейін осы мызғымас қағидатқа сай болуы керек.

Мен бұған дейін де өз сөздерімде жол қауіпсіздігі мәселесіне арнайы тоқталдым. Өкінішке қарай, Қазақстанда жыл сайын көлік апатының кесірінен, соның ішінде көп жағдайда жол қозғалысы ережесін өрескел бұзудың салдарынан мыңдаған адам көз жұмады. Бұған жол беруге болмайды.

Бұрын елімізде көлік апатының көптігіне жолдың нашарлығын жетеу қылатын. Соңғы бірнеше жылда барлық өңірдегі жол инфрақұрылымын ауқымды түрде жаңғыртуға қолға алдық. Бірақ қайғылы оқиға азаймай тұр. Демек бұл жағдайға Үкімет пен қоғам жіті назар аударуы керек. Азаматтар бекітілген ережелердің бәрін мұлткізсіз сақтайтын көлік жүргізу мәдениетін қалыптастырған

дұрыс.

Полицейлермен тәжікелесу, тіпті оларға шабуыл жасау фактілерін тыю қажет.

Мұндай жағдайларға, сондай-ақ құқықтық нигилизм дертіне шалдыққан адамдарды, басқаша айтқанда, сотқарлар мен бұзақыларды «қаһарман» жасауға заң аясында қатаң шара қолдану керек.

Біз өркениетті ұлт болғымыз келсе, полицейлердің, дәрігерлердің, мұғалімдер мен қызмет көрсету саласы мамандарының, жалпы, адал әрі заңға бағынатын азаматтардың ар-намысына тиетін кез келген әрекетке батыл түрде тосқауыл қоюымыз қажет.

Қоғамда тазалықты сақтау, қоршаған ортаны қорғау мәдениетін орнықтырудың мән-маңызы зор. Осы ретте «Таза Қазақстан» жалпыұлттық жобасын айрықша атап өткен жөн. Бұл бастама қала мен ауылды абаттандыру жұмысын шектелмейді. Оның түпкі мәні – қоғамдық сананы жаңғырту.

Сол арқылы азаматтарымызды қастерлі Отанымыз – Қазақстанның тағдырына бей-жай қарамай, болашақтың іргесін бірге қалауға шақыру.

Жауапкершілік, әділдік, өзара құрмет бар жерде ғана өсіп-өркендеуге, дамуға жол ашылады. Бұл – өркениетті мемлекеттер мен халықтардың барлығына ортақ ұстаным. Осы құндылықтар жаңа Халық Конституциясына арқау болып отыр. Біз дамудың даңғыл жолына түсіп, жаһандық бәсекеге қабілетті елге айналдық. Нақты жетістіктеріміз бар. Бұл – ең алдымен, сапалы адам капиталы.

Біз зияткерлік мұрамызды мақтан тұ-

тамыз. Әл-Фараби, Ахмет Ясауи, Абай сынды ғұламаларымыз соңына сарқылмас рухани қазына қалдырды. Олардың еңбектері әлемдік ақыл-ойдың алтын қорына кіреді. Данышпан бабаларымыздың баға жетпес туындыларын заман талабына сай кәдеге жарата білуіміз керек. Ойшылдарымыз бен ғалымдарымыздың мұрасын терең танып, кеңінен дәріптеп, барынша дамытқан жөн. Ұлы тұлғаларды ұлықтау жұмысына тың серпін беру аса маңызды.

Түркістан төрінде «Қожа Ахмет Ясауи» ордені туралы көтерген бастаманың мәні де – осында. Сондай-ақ былтыр Ясауи ілімін зерделеуге арналған халықаралық симпозиум өтті. Жалпы, баріміз әйгілі Қожа Ахмет Ясауиді бірегей ғұлама ғалым әрі өркениеттанушы ретінде еліміздің әрбір аймағында және шетелде де кеңінен дәріптеуіміз керек.

Сонымен бірге оның құндылығы аса зор бай мұрасын өзгертпестен барлық тұрғыдан жан-жақты зерттеуіміз қажет. Осы еңегелі дәстүр биыл әл-Фараби форумына ұласады. Мұндай тағалымы мол, ғылыми мәні зор басқосулар жыл сайын өткізіліп тұрады.

Бүгінгі салтанатты жиында тағы бір жақсы жаңалықты жариялағым келеді.

Қазақ даласы көптеген кемеңгер тұлғалардың мекені болғанын білесіздер.

Соның ішінде әлемге әйгілі ойшыл әл-Фарабидің орны ерекше. Оның мұрасы – бүкіл адамзаттың асыл қазынасы, өркениет ойының шыңы. Осыған орай, мен жоғары мемлекеттік марапаттар тізіміне арнайы «Әл-Фараби» орденін енгізу қажет деп санаймын. Бұл марапат білім мен ғылым, мәдениет пен рухани саласында зор табысқа жеткен азаматтарға беріледі. «Мейірім», «Қожа Ахмет Ясауи», «Әл-Фараби» ордендері биыл алғаш рет Республика күні қарсаңында тапсырылатын болады.

Қадірлі ғалымдар! Біз жасампаз ұлт ретінде алдымызға биік мақсат қоямыз. Бірлігімізді бекемдеп, біртұтас халық болып жарқын болашаққа нық қадам басамыз.

Қасиетті Отанымыз – Қазақстанды білім-ғылымның, ойлы ортаның және саналы жастардың күшімен түбегейлі жаңғыртамыз. Келер ұрпаққа Өркениетті, Қуатты әрі Әділетті мемлекетті аманат етіп қалдырамыз. Бұл – біздің ұлттық парызымыз.

Осы тарихи жолда біз ғалымдардың орасан зор әлеуетіне сенім артамыз.

Себебі ғылым өркендесе, бүкіл еліміз дамиды, шексіз мүмкіндіктерге жол ашылады. Ғалымның әрбір жаңалығы тұтас ұлттың мерейін асырады. Сіздер қашанда ел мүддесіне қызмет ете бересіздер деп сенемін. Мемлекет өздеріңізді әрдайым қолдайды.

Мен кәсіби мереке қарсаңында ғылым саласында зор жетістікке жеткен және жоғары білімді дамытуға елеулі үлес қосқан ғалымдарды марапаттау туралы шешім қабылдадым. Тиісті Жарлыққа қол қойдым. Сонымен қатар бүгін жас ғалымдарға пәтер кілтін табыстаймын.

Бәрі де құтты болсын! Берекелі болсын!

ДУЛАТИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ҒЫЛЫМИ ӘЛЕУЕТІ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев соңғы жылдары ғылым мен білімге басымдық беріп, оны Қазақстанның халықаралық аренадағы беделін айқындайтын негізгі фактор ретінде атап келеді.

Бұл ұстаным елдің даму моделін түбегейлі қайта қарауға бағытталған стратегиялық қадам ретінде бағалануда. Әлемдік көшбасшы елдердің барлығы дерлік шикізатқа емес, адам капиталына сенім артқан. Мемлекет басшысының көзқарасы «білім экономикасы» концепциясына негізделген. Біздің ғалымдарымыз халықаралық деңгейде танылып, отандық технологиялар экспортқа шыққанда ғана еліміздің беделі асқақтай түспек.

Үстіміздегі жылдың 15 наурызында бүкілхалықтық референдумда қабылданған Ата Заңымыздың преамбуласына білім, ғылым, мәдениет және инновация

ел экономикасын ынталандыратын және қоғам мен университетке үлкен пайда әкелетін жаңа ғылыми әзірлемелер мен өнімдерді жасауда ғылыми зертханалардың маңызы өте зор.

М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің зертханалары да түрлі бағытта ғылыми зерттеулер мен сынақтар жүргізіп, оқу және тәжірибелік қызметтерді жүзеге асырып келеді. Сондай-ақ, ғылым, білім және өндірісті біріктіре отырып, оқу орнының ғылыми әлеуетінің дамуына зор үлесін қосып отыр.

Жақында Дулати университетінде «Наурыз – жаңару мен жаңғыру мерекесі!» атты айрықша мерекелік думан аясында



ханаларының материалдық-техникалық базасы жаңғыртылып, заманауи қондырғылармен толықтырылып келеді. «Ғылымды дамыту - еліміз үшін стратегиялық маңызы бар басымдық. Әсіресе дарынды, қабілетті жастардың ғылыммен айналысуына жағдай жасау өте маңызды» - деп Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай елімізде ғылымды қолдау бағытында бірқатар ілкімді істер, үлкен жұмыстар атқарылып жатыр. Осы ел Президентінің сөзіне мән беретін болсақ қоғамда ғылымды дәріптеу және оны дамыту арқылы ел экономикасын өсіруге мүмкіндік зор. Өйткені, Қазақстанның даму бағдары, экономикалық өсім ғылым мен білімге тікелей байланысты болмақ» - деген облыс әкімінің бірінші орынбасары қатысушыларды 12 сәуір – Ғылым қызметкерлері күнімен құттықтап, еліміздің ғылымының өркендеуі жолындағы университет ғалымдарының барлық бастамалары мен зерттеулеріне сәттілік тіледі.

Облыс әкімінің бірінші орынбасары Нұржан Календеров, М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің басқарма Төрағасы-Ректор Лаззат Еркінбаева бастаған облысымыздың зиялы қауым өкілдері, ардагерлер, ғалымдар мен қоғамдастар университет ұжымымен бірге стратегиялық маңызы бар нысандарды аралап, заманауи зерттеу бағыттарымен танысты.

Атап айтқанда, А.С. Ахметов атындағы нанотехнологиялық зерттеу әдістері ғылыми-зерттеу зертханасында геотехника, су ресурстары мен геофизикалық зерттеулер, құрылыс саласына арналған STEAM технологиялары, мұнай және газ ұңғымаларын бұрғылау мен цементтеу бағыттарындағы жұмыстар ұсынылды.



Зертхана базасында жүргізіліп жатқан жобалар өндірістік және ғылыми тұрғыдан маңызды нәтижелерге бағытталған.

Сонымен қатар, Физика-химиялық зерттеулер орталығында су тазарту, хи-

миялық заттарды синтездеу және жаңа материалдарды әзірлеу салаларындағы заманауи технологиялар көрсетілді. Орталықта қолданылатын құрал-жабдықтар мен зерттеу әдістері қоғамның қызығушылығын тудырды.

Жеңіл өнеркәсіп бағытындағы «Shoe center» және «Tex4Future, Design in textile» орталықтары мен материалдар сапасы және бейтоқыма композициялық материалдар зертханасында өндірістік үдерістер мен жаңа дизайндық шешімдер таныстырылды. Мұнда аяқ киім өндірісінің сапасын бағалау және тоқыма өнімдерін әзірлеу бойынша тәжірибелік жұмыстар көрсетілді.

Сондай-ақ, қоғамдастар университет кітапханасына барып, оның кітап қоры, цифрлық ресурстары және оқырмандарға жасалған заманауи жағдайларымен танысты.

Ұсынылған ғылыми нысандар университеттің білім беру, ғылым және өндіріс бағыттарын тиімді ұштастырып отырған көпсалалы орталық екенін көрсетті.

Дулати университетінің бұл ғылыми әлеуеті өзекті, қолданбалы әрі әлеуметтік



құндылықтарының енгізілуі тарихи оқиға болды. Бұл ғылым мен білімді барынша дамыта отырып, инновацияларға жол ашу.

Дулати университеті ғылыми әлеуетті нығайтуға және заманауи ғылыми әзірлемелерді білім мен өндіріс тәжірибесіне енгізуге бағытталған ғылыми инфрақұрылымы жүйелі түрде дамытуды жалғастыруда.

Ғылымды дамытуда, ғалымдардың

зиялы қауым өкілдері мен ардагерлерге, ғалымдар мен қоғамдастарға оқу орнының ғылыми-инновациялық инфрақұрылымы, ғылыми-зерттеу зертханалары кеңінен таныстырылды.

Салтанатты шараға Жамбыл облысы әкімінің бірінші орынбасары Нұржан Календеров арнайы қатысты.

Өз сөзінде «Қазіргі таңда өңіріміздегі жоғары оқу орындарының ғылыми зерт-

«НАУРЫЗ – ЖАҢАРУ МЕН ЖАҢҒЫРУ МЕРЕКЕСІ» АТТЫ МЕРЕКЕЛІК ДУМАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

Наурыз - халқымыздың ежелгі әдет-ғұрпын жаңғыртқан, төл мәдениетіміздің ажырамас бөлігіне айналған жақсылықтың мерекесі.

Былғы Ұлыстың ұлы күні - Наурыз мейрамы ерекше мазмұнда ұйымдастырылды.

Үстіміздегі жылдың 14 наурызы - Көрісу күнінен бастау алған Наурыз мерекесі жалғасын тауып, 11 сәуір күні «Наурыз - жаңару мен жаңғыру мерекесі» атты тақырыппен мерекелік думанға ұласып, Дулати университетінің алаңында өтті.

Мерекелік шара ұлттық құндылықтар мен заманауи ғылым жетістіктерді үйлестірген тағылымды басқосуға айналды.

Мерекелік жиынға Жамбыл облысы әкімінің бірінші орынбасары Нұржан Календеров, облысымыздың зиялы қауым өкілдері мен ардагерлер, университеттің профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлер және білімгерлер қатысты.

Мерекелік шараның ашылуында Жамбыл облысы әкімінің бірінші орынбасары Нұржан Календеров сөз алып, жиналған қауымды Ұлыстың ұлы күні-Наурыз мейрамымен құттықтады. Бұл мерекенің қоғамдағы бірлік пен татулықты нығайтатын маңызды рухани құндылық екенін атап өтті. Наурыздың



жаңару мен жаңғырудың бастауы екенін айтып, ұлттық дәстүрлерді дәріптеу жас ұрпақ тәрбиесінде маңызды рөл атқаратынын жеткізді. Наурыз мерекесін облыс жұртшылығының үлкен қуанышпен қарсы алып, жоғарғы деңгейде атап өткеніне тоқталып, наурыз айындағы мерекелік шараларға белсенділікпен ат салысқан Дулати университетінің ұжымына Жамбыл облысы әкімінің атынан алғысын білдірді. Сондай-ақ, баршаға денсаулық, амандық, береке және Наурыздың әр шаңыраққа құт әкелуін тіледі.

Бұдан кейін сөз алған Басқарма Төрағасы - Ректор Ләззат Еркінбаева Наурыздың халқымыз үшін ерекше мәнге

ие екенін айтып, бұл мерекенің ежелгі дәстүрлерді жаңғыртып, ұлттық мәдениеттің ажырамас бөлігіне айналған игілік пен жаңарудың символы екенін жеткізді.

Ректор Көрісу күнінен бастау алатын Наурыздың адамдарды бірлікке, татулыққа және кешірімге үндейтінін атап өтті. Сондай-ақ, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бастамасымен Наурызды жаңа форматта атап өту дәстүрі қалыптасқанын айтып, университет ұжымы бұл бастаманы қолдап, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге үлес қосып келе жатқанын жеткізді. Сонымен қатар, Наурыздың ынтымақ пен бірліктің көрінісі екенін атап өтіп, былғы наурыз айында өткен күлхалықтық референдумға ел болып белсенді қатысып, мемлекет болашағы үшін маңызды шешім қабылданғанын тілге тиек етті. Ынтымағы мен бірлігі жарасқан профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлердің оқу орнымыздың тұрақты дамуына, жас ұрпақтың сапалы білім мен тағылымды тәрбие алуына зор үлес қосып келе жатқан еңбегін ерекше атап өтті.

Сөз соңында университет басшысы облысымыздың зиялы қауым өкілдерін, ардагер-ұстаздарды университетпен кері байланыс орнатып, оқу орнына жиі келіп, өздерінің ғибратқа толы ғұмырымындағы жинаған тәжірибелерін, көрген-түйгендерін өскелең ұрпақпен бөлісіп, жастарға, жас ғалымдар мен қызметкерлерге тағылымға толы ақыл-кеңестерін айтып, оқу орнының дамуына және жастардың сапалы білім мен саналы тәрбие алуына ат салысуға шақырды.

Мерекелік бағдарламаның негізгі бөлігі «Дәстүр – ұлттың асыл мұрасы» атты сахналық қойылымдарға арналды. Др факультет қазақ халқының бай салт-дәстүрлерін сахналық көріністер арқылы көрермен назарына ұсынды.

Атап айтқанда, «Педагогика және әлеуметтік ғылымдар» факультеті «Бесіктен басталған бақыт» атты қойылым арқылы бесікке салу дәстүрін әсерлі түрде көрсетті. «Филология және гуманитарлық ғылымдар» факультеті «Ұлы жолдың алғашқы қадамы» қойылымымен тұсау кесу рәсімін сахналады.

«Экономика және құқық» факультеті «Сырға – сырлы сезім белгісі» көрінісі арқылы құда түсу мен сырға салу дәстүрін аса көркемдікпен жеткізсе, Технологиялық факультет «Ақ босағадан – ақ жолға» қойылымымен қыз ұзату рәсімінің тәрбиелік мәнін ашып көрсетті. Ал, «Жаратылыстану ғылымдары» факультеті «Жаңа шаңырақтың шамшырағы» атты қойылым арқылы беташар дәстүрін сахналады.

Сахналық көріністер арқылы қонақтар ұлттық тәрбиенің терең мазмұнын, салт-дәстүрдің өмірлік мәнін терең түсініп, жоғары бағалады.

Сонымен қатар, кештің мәдени бағдарламасы көрермендерге ерекше көңіл-күй сыйлаған концерттік нөмірлермен жалғасты.

Сахна төрінде «Би-НАР» бишілер ансамблі қазақтың ұлттық билерін нақышына келтіре орындап, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. «Наз Қоңыр» триосы халық әндері мен лирикалық шығармаларды шебер орындап, мерекенің сәнін арттырса, ал «Лаула» тобы заманауи және патриоттық бағыттағы әндерімен көпшіліктің көңілін көтеріп, кештің көркін қыздыра түсті.

Мереке барысында «Ең үздік ұлттық киім» байқауы ұйымдастырылып, қатысушылар қазақтың дәстүрлі киім үлгілерін заманауи сәнмен үйлестіре отырып таныстырды. Қазылар алқасы қатысушылардың шығармашылық ізденісін, ұлттық нақышты сақтап, оны жаңаша форматта көрсету шеберлігін ерекше атап өтті.

Сондай-ақ, университет аумағында асық ату, арқан тарту сияқты ұлттық спорт түрлерінен жарыстар өткізіліп, қатысушылар өз ептілігі мен күшін сынады. Жарыс жеңімпаздары арнайы марапаттарға ие болып, көрермен тарапынан қолдау мен қошеметке бөленді.

Мерекелік басқосудың соңында қонақтар мен университет ұжымы киіз үйлерге шақырылып, ұлттық тағамдардан дәм татты.

Этноауыл форматында өткен бұл бөлім мерекенің рухани мазмұнын тереңдетіп, қатысушыларға ерекше әсер сыйлады.

Бабадан жеткен байтақ дәстүр мен бүгінгі жас ұрпақтың жасампаздығын ұшастырған, ежелден жаңару мен жасампаздықтың бастауы болған өз-Наурызға арналған мерекелік шараға қатысқан қонақтар ұйымдастырушыларға алғыстарын айтып, жылы лебіздерін жеткізіп жатты.



СЕРІКТЕСТІК

ДУЛАТИ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ ТЕХ4FUTURE ЖОБАСЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫП ЖАТЫР

М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінде Erasmus+ «Textile Manufacturing for the Future in Uzbekistan and Kazakhstan» халықаралық жобасы аясында индустриялық серіктестердің қатысуымен ақпараттық күн ұйымдастырылып, университет базасында «Текстиль дизайны» білім беру орталығының салтанатты ашылуы өтті.



Аталған жоба Technical University of Crete үйлестіруімен жүзеге асырылып, Қазақстан, Өзбекстан және Еуропаның жетекші университеттері мен ұйымдарын біріктірді.

Жобаға University of West Attica, Gheorghe Asachi Technical University of Iasi, Ege University, Creative Thinking Development, Guru Services, M. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Қазақстан Республикасының жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындары ассоциациясы, Ташкент текстиль және жеңіл өнеркәсіп институты, Джиззак политехникалық институты, Фергана State University және Өзбекстан Сауда-өнеркәсіп палатасының өкілдері қатысты.

Жобаның мақсаты - текстиль және тігін өнеркәсібі саласына заманауи технологияларды меңгерген, еңбек нарығының жаңа талаптарына бейімделген, халықаралық тәжірибеге сәйкес біліммен дағдыларға ие мамандарды даярлау.

Халықаралық серіктестермен кездесу барысында Дулати университеті Крит техникалық университеті мен Фергана мемлекеттік университетімен өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Бұл маңызды қадам халықаралық академиялық байланыстарды одан әрі нығайтып, бірлескен білім беру бағдарламалары мен ғылыми жобаларды дамытуға жаңа мүмкіндіктер ашды. Сонымен қатар меморандум жобаның алдағы дамуында стратегиялық мәнге ие, Қазақстан мен Өзбекстан университеттері арасындағы ынтымақтастықты кеңейтуге, студенттер мен ғалымдардың халықаралық тәжірибе алмасуына жол ашды.

Ақпараттық күн аясында университетте «Текстиль дизайны» білім беру орталығы ашылды. Салтанатты рәсімде университеттің Басқарма төрағасы - ректор Ләззат Еркінбаева мен профессор Николас Билалис лентаны киіп, орталықтың жұмысын ресми түрде бастады.

Жаңа орталық заманауи құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз етіліп, студенттердің практикалық дағдыларын жетілдіруге, инновациялық жобаларды жүзеге асыруға және өндіріс өкілдерімен тығыз байланыс орнатуға мүмкіндік береді.

Салтанатты шара барысында Басқарма төрағасы - ректор Ләззат Еркінбаева құттықтау сөз сөйлеп, жобаның стратегиялық мақсаттарына тоқталды. Ректор университеттің халықаралық серіктестермен бірлесіп жүзеге асырып отырған жобалардың маңыздылығын атап өтіп, ТЕХ4FUTURE жобасының Қазақстан мен Өзбекстанның текстиль және тігін саласында білікті мамандарды даярлаудағы нақты үлесін ерекше көрсетті.

Сонымен қатар білім беру, ғылым және өндіріс арасындағы тиімді байланыстардың университет үшін басымдық екенін жеткізді. Бағдарлама барысында халықаралық семинар ұйымдастырылып, текстиль индустриясындағы заманауи үрдістер, цифрландыру және жаңа технологияларды енгізу мақсаттарына нақты талқыланды.

Қатысушылар ТЕХ4FUTURE жобасының нәтижелерімен танысып, жаңа білім беру бағдарламалары мен тәжірибеге бағытталған курстарды жоғары бағалады.

Сонымен қатар қонақтарға университеттің зертханалары мен білім беру инфрақұрылымы көрсетіліп, толық өндірістік циклді қамтитын мүмкіндіктер таныстырылды. Қатысушылар өңірдегі кәсіпорындарға барып, өндірістік үдерістермен танысып, болашақ ынтымақтастық бағыттарын талқылады.

ТЕХ4FUTURE жобасы білім беру, ғылым және индустрия арасындағы тиімді ықпалдастықты қалыптастыруға бағытталған.

Жоба еңбек нарығына сай мамандар даярлауға, халықаралық тәжірибені білім беру жүйесіне енгізуге, қолданбалы зерттеулерді дамытуға және бизнес-қоғамдастықпен байланысты нығайтуға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда университетте заманауи зертханалық база қалыптасып, жаңа білім беру шешімдері енгізіліп, индустриялық серіктестермен байланыс белсенді дамып келеді.

БАЙҚАУ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙҚАУДА ТОП ЖАРДЫ



Үстіміздегі жылдың 3-4 сәуір күндері Мақсұт Нәрікбаев университетінде «International Legathon МахUP-2026» халықаралық кейс-чемпионаты өтті.

Құқық саласының болашағына арналған ауқымды сайысқа Еуропа, Азия және Солтүстік Американың 13 елінен 90-нан астам студент қатысып, өзара бақ сынасты. Байқау бағдарламасы екі негізгі кезеңнен тұрды. «Lex Fantastica» бөлімінде қатысушылар пікірсайыс арқылы өз ойларын дәлелдеп, шешендік қабілеттерін көрсетті. Зерттеу жобалары кезеңінде олар құқық саласының өзекті мәселелерін талдап, жаңа ұсыныстарын ортаға салды.

Орыс тілді лигада бақ сынаған М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің студенттері жоғары дайындық деңгейін көрсетіп, айтулы додада лайықты өнер көрсетті. Университет намысын Маржан Исағалиева, Николай Лагашкин, Даниил Шапка және Адэля Маратова қорғады. Команданың сәтті өнер көрсетуіне «Мемлекеттік және әкімшілік құқық» кафедрасының меңгерушісі Светлана Сергеевна жетекшілік етіп, зор үлес қосты.

Сайыс қорытындысы бойынша қатысушылар арнайы сертификаттармен және естелік сыйлықтармен марапатталды.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ
ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР:
СТУДЕНТТІК КӨЗҚАРАС

Осындай тақырыппен Дулати университетінде XXVIII студенттік ғылыми-практикалық конференция салтанатты жағдайда ашылып, өткізілді.



Конференция мақсаты – студенттердің жасанды интеллект пен цифрлық технологиялар саласындағы идеялары мен жобаларын таныстыруға, өз инновациялық шешімдерін ортаға салуға және еліміздің цифрлық дамуына өз үлесін қосуға мүмкіндік беру.

Конференцияның ашылу салтанатында М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Ләззат Еркінбаева құттықтау сөз алып, конференцияның өзектілігін атап өтті.

Университет басшысы 2026 жылдың «Жасанды интеллект және цифрлық технологиялар» жылы деп жарияланғанын еске салып, жасанды интеллект пен цифрлық технологиялардың еліміздің дамуы мен жастардың болашағына тікелей әсер ететінін нақты мысалдармен түсіндірді. Сондай-ақ, жас ұрпақты цифрлық қоғамда өз орнын табуға, білім мен технологияны тиімді пайдалануға шақырып, конференцияның жастардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, жаңа идеяларды жүзеге асыруға және елдің цифрлық дамуына өз үлесін қосуға бағытталғанын ерекше ықыласпен жеткізді.

Ал, Басқарма мүшесі – ғылым және цифрландыру жөніндегі проректор Сейтжан Орынбаев студенттерге ғылым саласындағы мүмкіндіктер мен артықшылықтарды түсіндіріп, 2025 жылғы студенттердің жеткен жетістіктерін атап өтті.

2025 жылы халықаралық, республикалық, облыстық, қалалық және университетішілік байқауларға 201 студент қатысып, олардың 32-і халықаралық, 37-сі республикалық, 16-сы облыстық, қалалық және университетішілік байқаулардың жеңімпазы атанғанын сөз етті. Студенттер мен оқытушылардың бірлескен жарияланымдарының жалпы саны 444 құрайтынын, ал оның ішінде университет жинақтарында 322 ғылыми мақала, басқа басылымдарда 122 мақала жарияланғанын мақтанышымен жеткізді.

Ашылу рәсімінде университет басшысы 2025 жылғы Республикалық ғылыми-зерттеу жұмыстары конкурсының жеңімпаз студенттеріне ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің дипломдарын табыстап, марапат иелеріне алғысын білдірді.

Конференцияның пленарлық мәжілісінде 8 студент өзекті тақырыптар бойынша баяндама жасады.

Олар жасанды интеллект пен цифрлық технологияларды білім беру, туризм, сән индустриясы саласында тиімді қолдану, AI көмегімен дұрыс жұмыс таңдау жолдары, цифрлық медида жаңа сөздерді жасау және коммуникациялық қызмет, Дина Рубина прозасының экспрессивті синтаксистік контекстінде цифрлық лингвистика және жасанды интеллект, актерлік шеберлік пәнін оқытуда сахналық тілдің мәні сияқты тақырыптарды қозғайды.

Сәуір айының 7 – 15 күндері аралығында өткен ауқымды конференция техникалық, әлеуметтік-гуманитарлық, педагогикалық және экономикалық бағыттарды қамтыды.

Конференцияның пленарлық отырысында 8 баяндама тыңдалып, 19 секция бойынша 423 студенттің ғылыми жұмыстары талқыланды.

Қатысушылар жасанды интеллект пен цифрлық технологияларды білім беру, инженерия, ақпараттық технологиялар, биотехнология, туризм және басқа да салаларда қолдану бағытындағы зерттеу нәтижелерін ұсынды.

Жабылу салтанатында үздік деп танылған ғылыми баяндамалар I, II және III дәрежелі дипломдармен марапатталды.

Алдағы уақытта жоғары бағаланған бірқатар ғылыми жұмыстар университеттің ғылыми еңбектер жинағына енгізілетін болады.

ТАЗА ҚАЗАҚСТАН

УНИВЕРСИТЕТТЕ СЕНБІЛІК
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

Көктем келіп, қарбалас тіршілік басталатын сәт береке мен ынтымақтың жаршысы іспеттес. Әсіресе осындай кездегі ұйымшылдықпен өткен тазалық жұмыстары бірлікке апаратын айнымас жол болары анық.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен 2024 жылдың сәуір айынан «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акция басталған болатын. Бұл акция тек тазалықты насихаттап қана қоймай, елдің басын біріктіретін рухани маңызды зор шара болды. Бұл ауқымды экологиялық науқанды осы уақытқа дейін М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті де белсенділігімен өткізіп келе жатыр.

Дулати университетінде «Таза Қазақстан» акциясы аясында сенбілік ұйымдастырылды.

Сенбілікке университет басшылығы, профессор-оқытушылар құрамы, қызметкерлер мен студенттер белсенді түрде қатысты.



Сенбілік барысында қатысушылар оқу ғимараттары мен жатақхана маңын, университет ауласын тазалап, қоқыстарды жинап, айналаны ретке келтірді.

Сонымен қатар, ағаш көшеттері отырғызылып, ауақты көгалдандыру жұмыстары жүргізілді.

«Тазалық әр адамнан, әр үйден, әрбір көше мен әр қаладан басталуы керек. Өйткені «Таза Қазақстан», бұл – бір күндік науқан емес. Бұл – біздің өмір салтымыз. «Жас келсе – іске» – деп халқымыз бекер айтпаған. Баршаңызды табиғатты қорғау идеясы біріктіріп отыр. Сіздер бәріңіз бірге істеп жатқан жұмыстың арқасында бұл игі бастама осындай үлкен қозғалысқа айналды. Ортақ іске күш жұмылдыру дегеніміз – осы» – деп, ел Президенті айтқандай, ойдың да, бойдың да, қоршаған ортаның да тазалығын сақтау әр адамның ішкі мәдениетінің көрсеткіші. Сондықтан да тазалық халқымыздың болмысына сіңген қасиет.

Шын мәнінде, тазалықты сақтау, туған жерді көгалдандыру, абаттандыру үлкен маңызды іс. Қоршаған ортаның таза әрі көрікті болғаны өзіміз үшін қажет.

Таза орта – жарқын болашақтың кепілі. Тазалықты бірге сақтайық!

КӨРМЕ

«STUDY IN KAZAKHSTAN» КӨРМЕСІ -
ТАЛАПКЕРЛЕР ҮШІН ТАПТЫРМАС АЛАҢ

Қазіргі таңдағы жаһандық өзгерістер заманында әрбір талапкерге мамандықты саналы түрде таңдау өте маңызды.

Осы ретте, әрбір жоғары оқу орындары тарапынан талапкер жастарға бағыт-бағдар беріп, мемлекеттік гранттарды иелену мен мамандық таңдаудағы қателіктерді болдырмау жолдарын түсіндіру, осы бағытта құнды кеңестер беру аса қажет.

Тараз қаласында Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі және М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті ұйымдастырумен болашақ талапкерлерге, жоғары сынып оқушыларына арналған «Study in Kazakhstan» республикалық көрмесі өтті.

Көрменің мақсаты – болашақ талапкерлерге еліміздегі жоғары оқу орындары туралы кеңінен ақпарат беру, кәсіби бағдарлау жұмыстарын жүргізу және Қазақстанда ашылған шетелдік филиалдарын таныстыру. Олардың білім беру басымдықтарымен және білім беру бағдарламаларымен жан-жақты таныстыру.

Сонымен қатар, көрме білім беру са-



орнатылып, қос диплом жүйесі бойынша білім алуға жағдай жасалғанын атап өтті. Сондай-ақ, алдағы уақытта шетелдік жоғары оқу орындарының санын арттыру көзделіп отырғанын жеткізіп, түлектерге жылы лебізін білдірді.

Ал, Басқарма Төрағасы – Ректор Ләззат Еркінбаева жоғары білім беру жүйесіндегі қазіргі заманғы өзгерістер мен жаңа мүмкіндіктерге тоқталып, білім

кеңестерімен бөлісті.

Жиын барысында арнайы көрме аймақтары жұмыс істеп, қатысушылар еліміздің алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарының білім беру жүйесімен жан-жақты танысу мүмкіндігіне ие болды. Университет өкілдері оқу бағдарламалары мен халықаралық жобаларын таныстырып, әр оқу орнының артықшылықтары мен білім беру бағыттары бойынша кеңінен ақпарат берді.

Көрмеге М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің және Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, университет базасынан ашылған Ресей мемлекетінің жетекші оқу орнының бірі Д.И. Менделеев атындағы Ресей химия-технологиялық университетінің Тараз филиалының өкілдері де қатысты.

Бітіруші түлектерге Дулати университетінің оқу ерекшеліктерімен және Менделеев атындағы Ресей химия-технологиялық университетінің Тараз филиалының «қос диплом» білім беру бағдарламалары да таныстырылып, толықанды сұрақтар беріліп, білім мен тәрбие алу мүмкіндігі туралы баяндалды.

Көрме үш кезең бойынша өткізілді. Алғашқы екі бөлім мектеп түлектеріне арналса, үшінші бөлімде ата-аналар мен кәсіптік бағдар беру мамандарына арнайы ақпараттық жұмыстар жүргізілді.

Осылайша, мектептің жоғары сынып оқушылары мен ата-аналар да өздерінің қызықтырған сұрақтарын жолдап, сапалы жоғары оқу орнына түсуге қатысты пайдалы кеңестер алды.

Көрме соңында қатысушылар үшін еркін форматта сұрақ-жауап алаңы ұйымдастырылып, білім беру саласына қатысты өзекті мәселелер талқыланды.

Сонымен қатар, концерттік бағдарламалар ұйымдастырылып, өнерпаздар қатысушыларға мәдени демалыс пен көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

«Study in Kazakhstan» республикалық көрмесі алдағы уақытта еліміздің басқа қалаларында да өтетін болады.

БЕЙРЕСМИ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ
ҚАРҚЫНДЫ ДАМЫП КЕЛЕДІ

Қазіргі жаһандану дәуірінде еңбек нарығы жылдам өзгеруде. Технологиялардың дамуы жаңа мамандықтарды өмірге әкеліп, кейбір кәсіптердің өзектілігін төмендетуде.

Осыған байланысты академиялық біліммен шектелмей, заманауи қабілеттерді жетілдіру маңызды болып отыр. М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті бұл бағытта жүйелі жұмыстар атқарып, студенттер мен өңір жастарына жаңа мүмкіндіктер ұсынады.

Бейресми білім беру – бұл оқу бағдарламасына кірмейтін, қысқа мерзімде нақты нәтиже беруге бағытталған оқыту түрі. Оған тренингтер, воркшоптар, мастер-класстар, онлайн курстар және интенсивтер кіреді. Мұнда теориядан гөрі практикалық тәжірибеге басымдық беріледі.

Оқу орнында бейресми білім беру бірнеше бағыт бойынша жүзеге асырылады. Атап айтқанда:

- IT және цифрлық қабілеттер: бағдарламалау негіздері (Python, Java, Web-development), графикалық және UX/UI дизайн, SMM, таргетинг, digital маркетинг, data analysis және цифрлық сауаттылық.

- Кәсіпкерлік: стартап жобаларды әзірлеу, бизнес-жоспар құру, инвестиция тарту және pitch жасау. Университет жанында бизнес-инкубаторлар жұмыс істейді.
- Soft skills және жеке даму: көшбасшылық, командалық жұмыс, критикалық ойлау, тайм-менеджмент, стресс басқару және қоғамдық ортада сөйлеу дағдылары.

- Тілдік дайындық: ағылшын, түрік және басқа да тілдер, академиялық және кәсіби бағыттағы бағдарламалар.

- Қайта даярлау және біліктілікті арттыру: педагогтарға және салалық мамандарға арналған қысқа мерзімді курстар мен сертификатталған модульдер.

Білім беру тек курстармен шектелмейді. Білімгерлер тәжірибелік іс-шараларға қатыса алады.

- Ашық дәрістер мен Guest Lecture кездесулерінде кәсіпкерлер мен сала сарапшылары өз тәжірибесін бөліседі.

- Хакатондар мен IT-байқауларда студенттер 48–72 сағат ішінде нақты мәселелерді шешеді.

- Startup Week кезінде өз бизнес идеяларын ұсынып, менторлардан кері байланыс алады, үздік жобалар инвесторларға таныстырылады.

- Бизнес-инкубация және акселерация бағдарламалары жас кәсіпкерлерге нарыққа шығуға дейін толық қолдау көрсетеді.

- Job Fair жәрмеңкесінде компаниялар тағылымдама мен жұмыс ұсыныстарын береді.

- Сонымен қатар, тренингтер, практикалық семинарлар, ғылыми жобалар, пәндік олимпиадалар, волонтерлік және әлеуметтік жобалар, дебат клубтары, жастар ұйымдары мен коворкинг орталықтары студенттердің қабілеттерін жан-жақты дамытады.

Мамандардың айтуынша, бейресми білім берудің басты артықшылықтары: қысқа мерзімде нақты нәтиже, тәжірибеге бағытталған оқу, сертификат алу мүмкіндігі, еңбек нарығында сұранысқа ие қабілеттерді игеру, кәсіби байланыстарды кеңейту және жұмысқа орналасу мүмкіндігінің артуы.

Бүгінде университетте жүздеген студент бағдарламаларға қатысып, олардың бірқатары оқу барысында жұмысқа орналасуда. Сонымен қатар, стартап жобалар саны артып, жас кәсіпкерлер қалыптасуда. Осылайша оқу орны өңірдегі жастарды дамыту орталығына айналды.

Сарапшылар бейресми білім беруді табысты болашаққа апаратын маңызды құрал деп бағалайды. Бұл жастардың еңбек нарығына тез бейімделуіне және бәсекеге қабілетті маман болуына мүмкіндік береді.

КОНФЕРЕНЦИЯ

ӨНЕГЕЛІ ӨМІР: ҒАЛЫМНЫҢ ХАТЫ ӨЛМЕЙДІ

Жақында Дулати университетінің және Астана қаласындағы Есіл университетінің ұйымдастыруымен университет қабырғасында экономика ғылымдарының докторы, профессор Алданыш Арыстанғалиұлы Нұрымовтың 85 жылдығына арналған «Қазақстандағы цифрлық экономика жағдайында қаржы және банк жүйесінің, мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылаудың дамуының заманауи сын-қатерлері мен келешегі» тақырыбында халықаралық ғылыми-практикалық конференция ұйымдастырылды.

Ауқымды ғылыми басқосуға отандық және шетелдік жетекші ғалымдар, жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылар құрамы, мемлекеттік органдардың өкілдері, жас зерттеушілер мен магистранттар қатысты.

Конференцияның мақсаты – цифрлық экономика жағдайында қаржы және банк жүйесін дамыту, мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылаудың өзекті мәселелерін талқылау және ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлеу. Сонымен қатар, профессор Алданыш Нұрымовтың ғылыми мұрасы мен мемлекеттік басқару саласына қосқан үлесін зерделеу.

Конференция аясында бірқатар маңызды рәсімдер мен салтанатты жиындар өткізілді. Атап айтқанда, профессор Алданыш Нұрымов атындағы «Аудит және тағдыр LAB» дәрісхананың салтанатты ашылу рәсімі өтті. Лентаны техника ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі Өскенбай Мадиев және М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Ләззат Еркінбаева қыды.

Жаңадан ашылған дәрісханаға жиналғандардың алдында университет басшысы Ләззат Еркінбаева құттықтау сөз алып, жаңа кабинет студенттердің теориялық білімін тәжірибемен ұштастырып, аудит, қаржылық тағдыр және мемлекеттік бақылау саласында кәсіби дағдыларын дамытуға мүмкіндік беретін заманауи оқу-ғылыми орта болатынын атап өтті. Сонымен қатар, мұндай оқу кеңістіктері цифрлық экономика жағдайында бәсекеге қабілетті мамандар даярлауға жол ашатынын айтып, профессордың ғылыми мұрасының жастарға үлгі екенін жеткізді.

Салтанатты лента кю рәсімі аяқталғаннан кейін университеттің акт залында конференцияның пленарлық отырысы

басталып, ғылыми бағдарламаның негізгі жұмысы жалғастырылды.

Пленарлық бөлім аясында профессор А.А.Нұрымовтың өмірі мен қызметіне арналған еске алу видеоролик ұсынылды.

Конференция жұмысын жүргізген модератор, М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Ләззат Еркінбаева профессордың отандық ғылымның дамуына қосқан үлесі ерекше екенін атап өтіп, бүгінгі жиынның ғылыми қауымдастық үшін маңызы зор екенін жеткізді.

Сонымен қатар, цифрлық экономика

шешімдердің маңызы зор екенін жеткізді.

Өз кезегінде, Қазақстан Республикасының Ұлттық банк төрағасының бірінші орынбасары Ерулан Жамаубаев қаржы нарығының тұрақтылығын сақтау және оны одан әрі дамыту бағытында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды. Цифрландыру үдерісі банк секторына жаңа мүмкіндіктермен қатар, бірқатар сын-қатерлер әкелетінін сөз етті.

Пленарлық отырысқа онлайн форматта қатысқан қонақтар да сөз сөйлеп, басқосудың ғылыми және практикалық ерекшелігіне тоқталды.



жағдайында қаржы саласын жаңғырту мәселелері өзекті бағыттардың бірі екенін баса айтты.

Конференция жұмысы барысында онлайн форматта бірқатар құрметті қонақтар сөз сөйлеп, жиынның маңыздылығына тоқталды.

Мәселен, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім вице-министрі Гүлзат Көбенова елімізде ғылым мен білім саласын дамытуға бағытталған жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатқанын атап өтті. Ол қаржы және аудит саласындағы зерттеулердің сапасын арттыру қажеттігін жеткізіп, мұндай халықаралық алаңдардың тәжірибе алмасудағы рөлі жоғары екенін айтты. Ал, мемлекет және қоғам қайраткері, саяси ғылымдар докторы Қырымбек Көшербаев қазіргі жаһандық өзгерістер жағдайында экономиканың барлық саласында жаңа тәсілдер қажет екенін атап өтті. Қаржы және банк жүйесін дамытуда ғылыми негізделген

Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Есеп комитетінің экс-төрағасы, мемлекет және қоғам қайраткері, экономика ғылымының докторы Өмархан Өксікбаев мемлекеттік аудит жүйесін жетілдіру мәселелеріне назар аударып, қаржылық бақылаудың ашықтығы мен тиімділігін арттырудың маңыздылығын жеткізсе, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі Өскенбай Мадиев ғылым мен инновацияның экономикалық дамуындағы рөлін атап өтіп, жаңа технологияларды енгізу арқылы қаржы саласын дамыту қажеттігін айтты.

Ал, Астана қаласындағы Есіл университетінің ректоры Аяпберген Таубаев жоғары білім беру жүйесінде қаржы саласына білікті мамандар даярлаудың маңызына тоқталды. Ол заманауи талаптарға сай кадрлар дайындау – уақыт талабы екенін жеткізді.

Алданыш Арыстанғалиұлының қызы, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Гүлдарә Нұримова еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін тиімді қаржы саясатын қалыптастырудың маңызын атап өтті. Сонымен қатар, заңнамалық тұрғыда қаржы жүйесін жетілдіру бағытында жұмыстар жалғасып жатқанын жеткізді.

Есіл университетінің бірінші проректоры Серік Макшын ғылым мен білімнің өзара байланысын нығайту қажеттігін атап өтіп, ғылыми зерттеулердің нәтижелерін тәжірибеде қолданудың маңыздылығын сөз етті.

Пленарлық отырыс барысында маңызды халықаралық академиялық қадам жасалып, Есіл университеті мен Дулати



университеті арасында өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қою рәсімі өтті.

Келісім аясында екі тарап оқытушылар мен студенттер алмасуын дамытуға, бірлескен ғылыми конференциялар мен семинарлар өткізуге, ғылыми зерттеулер мен жобаларды бірге жүзеге асыруға келісті.

Сонымен қатар, академиялық бағдарламалар, тағылымдамалар, біліктілікті арттыру курстары және қос диплом бағдарламаларын дамыту жоспарланған. Тараптар аталған меморандум екі университет арасындағы ғылыми және академиялық байланысты нығайтып, білім беру саласындағы әріптестікті жаңа деңгейге шығаратынын ерекше ықпалмен сөз етті.

Басқосу барысында отандық және шетелдік жетекші ғалымдар өз баяндамаларын ұсынып, қаржы-экономика саласындағы өзекті мәселелерді жан-жақты талқылады.

Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының басқару институтының профессоры Алтай Зейнелбабин жаңа заңнама аясында нақты секторды қолдаудың фискалдық құралдарына тоқталды. Ол экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз етуде мемлекеттік қолдау тетіктерінің маңызы зор екенін атап өтті.

Бұдан кейін сөз алған Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры Зағира Исакова Қазақстандағы салықтық әкімшілендірудің тиімділігін арттыру мәселелерін көтеріп, салық жүйесін жетілдіру арқылы бюджет кірістерін ұлғайтуға мүмкіндік бар екенін сөз етсе, көршілес Қырғыз Республикасынан келген профессор Бейшенбек Ишенов жаһандық қаржы жүйесіндегі доллардың рөліне талдау жасап, оның геоэкономикалық ресурс ретіндегі маңыздылығын атап өтті. Сонымен қатар, қазіргі кезеңде валюта нарығындағы өзгерістердің экономикаларға әсерін жеткізді.

Ал, профессор Серік Тәжібаев бухгалтерлік есеп пен ақпараттық қамтамасыз ету негізінде басқарушылық шешімдер қабылдаудың маңыздылығын ерекше атап, сапалы есеп беру жүйесі ұйымдардың тиімді жұмыс істеуінің басты факторларының бірі екенін тоқталды.

Өз кезегінде Есіл университетінің профессоры Мұрат Алиев заманауи технологиялардың бухгалтер мамандығына әсерін талдап, есеп жүргізушінің рөлі стратегиялық кеңесші деңгейіне дейін

кеңейіп келе жатқанын тілге тиек етіп, цифрлық трансформацияның мамандарға жаңа талаптар қоятынын атап өтті.

Жалпы, баяндамашылар өз сөздерінде қаржы және банк жүйесін дамыту, салықтық әкімшілендіруді жетілдіру, цифрлық технологияларды енгізу және бухгалтерлік есеп пен аудиттің жаңа бағыттарын қалыптастыру мәселелерін кеңінен қамтыды.

Конференция қатысушылары үшін ұсынылған баяндамалар тәжірибелік маңызы зор ғылыми ақпарат көзіне айналды.

Жиын барысында университетпен тығыз әріптестік байланыста жүрген, ғылым мен білім саласының дамуына елеулі үлес қосып жүрген мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстан Республикасының Есеп комитетінің экс-төрағасы Омархан Өксікбаевқа «Дулати университетінің Құрметті профессоры» атағы беріліп, М.Х. Дулати атындағы «Үздік табыстары үшін» төсбелгісі табысталды.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Гүлдарә Нұримова да М.Х. Дулати атындағы «Үздік табыстары үшін» төсбелгісімен марапатталды.

Сонымен қатар, экономика ғылымдарының докторы, профессор Алданыш Нұрымовтың өмірі мен ғылыми қызметіне арналған «Өнегелі өмір» атты кітаптың салтанатты тұсаукесері өтті. Бұл еңбек ғалымның көпжылдық ғылыми-педагогикалық жолын, экономикалық ғылымның дамуына қосқан үлесін және отандық жоғары білім жүйесіндегі еңбегін кеңінен қамтыды.

Кітаптың тұсаукесер рәсмінде лента кю құрметі арнайы шақырылған құрметті қонақтарға беріліп, атап айтқанда, лентаны Есіл университетінің бірінші проректоры, академиялық мәселелер жөніндегі проректор, экономика ғылымының докторы, профессоры Серік Макшын және Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Қаржы кафедрасының профессоры, экономика ғылымының докторы Зағира Исакова салтанатты жағдайда қыды.

Қонақтар аталған кітаптың жас ғалымдар мен студенттер үшін маңызды ғылыми-танымдық еңбек екенін атап өтіп, оның мазмұны профессор А.А.Нұрымовтың ғылыми мұрасын жан-жақты танытатынын жеткізді.

Жиын соңында қатысушыларға естелі сыйлықтар табысталды.

Жоғары ғылыми деңгейде өткен конференцияның жастарға берер тағылымы мол және тәрбиелік маңызы зор болмақ.

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНЫҢ ТАРИХИ МҰРАСЫ TEDx АЛАҢЫНДА ТАЛҚЫЛАНДЫ



Университет қабырғасында «Дулатитану және өңір тарихы» ғылыми-зерттеу орталығы және «Ежелгі Тараз ескерткіштері» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының ұйымдастыруымен TEDx форматта «Ескерткіштер туралы не білеміз?» тақырыбында ғылыми-танымдық жиын өткізілді.

Жиынның негізгі мақсаты – Жамбыл облысындағы тарихи-мәдени ескерткіштерді насихаттау, ұлттық мұраға деген құрметті арттыру, жастардың тарихи санасын қалыптастыру және ғылыми ойды қоғаммен ұштастыру.

Басқосу «Көне Тараз» тақырыбындағы бейнероликпен ашылды.

Жиында Басқарма Төрағасы –

Ректор Ләззат Еркінбаева сөз сөйлеп, қатысушыларға білім мен ғылымның байланысын, тарихи мұраны зерттеудің маңыздылығына тоқталды. Ректор жастарға тарихи сананы қалыптастыру, мәдени мұраны сақтау және қоғамға ғылыми ойды жеткізу бағытындағы университеттің қолдауын ерекше атап өтті.

Ал, «Ежелгі Тараз ескерткіштері» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы директоры Нұржан Мергенбай қатысушыларға тарихи-мәдени мұраға құрметтің маңыздылығын жеткізді.

Ол мұраны сақтау қажеттілігін атап өтіп, Тараз қаласындағы ескерткіштерді таныстыру мен жастардың тарихи санасын арттырудағы музей-қорықтың тәжірибесі мен жұмыстарын нақты әрі

қызықты түрде баяндады.

Модератор әрі «Ғылыми қызмет және ескерткіштерді қорғау» бөлімінің басшысы Ұлжалғас Шамзахан сөз алып, тарихи мұраны зерттеудің заманауи әдістерін түсіндірді.

Сонымен қатар, әр ескерткіштің қоғам мен мәдениет үшін маңыздылығын жеткізді. Ал, «Дулатитану және өңір тарихы» ғылыми-зерттеу орталығының басшысы, PhD докторы Альбина Мақсұтова ұлттық мұраны зерттеу мен сақтаудағы ғылыми әдістердің маңыздылығын атап өтті.

Ол жастарға тарихи сананы қалыптастыруға, мәдени мұраға құрмет көрсетуге және ғылыми ойды қоғамға жеткізуге шақырды.

Жиын барысында спикерлер тағылымды баяндамаларын ұсынып, Жамбыл облысының тарихи-мәдени мұрасын жан-жақты талқылады.

Атап айтқанда, Сәмен Оразғалиұлы ескерткіштердің тек архитектуралық объект емес, халық аңызы мен мәдениетінің айнасы екенін атап өтсе, Асқар Бегаділұлы орта ғасырлық сәулет өнерінің ерекшеліктері мен аймақтағы атақты кесенелердің тарихи маңызын баяндады. Ал, Жанна Сейтқұлова тарихи кезеңдерге сай ескерткіштердің құрылымдық ерекшеліктері мен олардың зерттеудегі маңызын көрсетті.

Замира Сейдан тарихи ескерткіштердің қоғам мен мәдениетке әсерін, өткеннің болашаққа сабақ болатынын сөз етті.



СЕМИНАР

МУҒАЛІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН ОБЛЫСТЫҚ СЕМИНАР ӨТТІ

Университет қабырғасында «Физика және информатика» кафедрасы мен Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының оқу-әдістемелік орталығының бірлесе ұйымдастырумен «Цифрландыру жағдайында физика және информатика пәндерін оқытудың мазмұны мен әдістерін жетілдіру» тақырыбында облыстық әдістемелік семинар өтті.



Семинарға университеттің профессор-оқытушылар құрамы, магистранттар, студенттер, аудандық және қалалық білім бөлімдерінің әдіскерлері мен физика және информатика пәні мұғалімдері қатысты.

Семинардың мақсаты – цифрландыру жағдайында физика және информатика пәндерін оқытудың мазмұнын жаңғырту, заманауи цифрлық білім беру ресурстары мен инновациялық педагогикалық технологияларды тиімді қолдану арқылы мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыру.

Семинарды Академиялық жұмыс жөніндегі департамент директоры Сауле Алимбаева алғы сөзбен ашып, оқу процесін ұйымдастыруда заманауи тәсілдерді енгізудің тиімділігін және білім сапасын арттырудағы цифрлық технологиялардың рөлін талдады.

Ал, Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының оқу-әдістемелік орталығының басшысы Шахризада Өсерованың өңірдегі білім беру жүйесінде жүргізіліп жатқан жаңғырту жұмыстары мен цифрландыру үдерісінің маңызын атап өтті. Сонымен қатар, мұғалімдердің кәсіби дамуына қолдау көрсету бағытындағы негізгі басымдықтарға тоқталды.

Семинар барысында білім беру үдерісіндегі өзекті тақырыптар жан-жақты талқыланды. Атап айтқанда, жасанды интеллект арқылы білім алушылардың білім деңгейін автоматты бағалау мүмкіндіктері қарастырылды.

Жаратылыстану бағытында жобалар жазу арқылы оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін дамыту жолдары талқыланды. Орта мектептегі физикалық эксперименттердің қазіргі жағдайы мен болашағы сараланып, өзін-өзі дамыту мүмкіндіктері сөз болды.

Білім беру үдерісінде интерактивті тапсырмалар құрастыру тәжірибесі көрсетіліп, информатика пәнін оқытудың инновациялық әдістері мен цифрлық құралдары кеңінен талқыланды. Физика пәнінде білім сапасын қамтамасыз етудегі цифрлық бағалау құралдарының маңыздылығы атап өтілді.

Семинар соңында ұстаздар цифрлық ресурстарды тиімді қолдану дағдыларын жетілдіріп, білім сапасын арттыруға бағытталған нақты әдістемелік ұсыныстар ұсынды.

Қатысушылар ұйымдастырушыларға алғыстарын айтып, жылы лебіздерін жеткізді.

ДУЛАТИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ӨНЕРПАЗДАРЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДАДА ТОП ЖАРДЫ



Дулати университетінің студенттері Астана және Алматы қалаларында өткен XVIII Республикалық пәндік олимпиадада жоғары нәтижелерге қол жеткізді.

Жоғары оқу орындарының студенттері арасында ұйымдастырылған беделді додада университеттің «Театр режиссурасы және актерлік өнер» және «Хореография» мамандықтарының білім алушылары кәсіби шеберліктерін дәлелдеп, жүлделі орындарды иеленді.

Олимпиада қорытындысы бойынша университет қоржыны бірнеше марапатпен толықты.

Атап айтқанда, «Сахна қозғалысы» және «Сахна сайысы» пәндері бойынша «Пластикалық қойылым» номинациясында «Маугли» қойылымымен 3-курс студенттері Сүйіндік Жанат мен Ошақбай Ақнұр II дәрежелі дипломға ие болды.

Сондай-ақ, «Театр режиссурасы» пәні бойынша 2-курс студенті Әуесхан Олжас А. Баймұхаметовтің «Құдайдың балалары» шығармасынан үзінді ұсынып, II орынды иеленсе, III дәрежелі диплом «Драматургиялық шығармалардан монолог» номинациясында К. Мұраттың «Күәгер» монологын орындаған 3-курс студенті Төрежан Үмітке бұйырды.

Сонымен қатар, «Хореография» білім беру бағдарламасы бойынша университеттің «Томирис» командасы III орынға ие болды.

Бұдан бөлек, «Мәдени-тынығу жұмысы» бағыты бойынша «Мәдени-тынығу жұмысындағы жасанды интеллект: Жаңа модельдер мен болашақ» тақырыбындағы жоба да жоғары бағаланып, Дулати университетінің «Өнер лабораториясы» командасы III орынға ие болды.

Айта кетейік, олимпиада барысында қазылар алқасы құрамында белсенді қызмет атқарып, жас таланттарды даярлауға қосқан үлесі үшін университет оқытушысы Айгүл Кабиқызы арнайы «Алғыс хатпен» марапатталды.

БАЙҚАУ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СӘН ФЕСТИВАЛІ ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНДА ӨТТІ

Жамбыл облысында «ENIGMA MODELS» модельдік агенттігінің ұйымдастыруымен Халықаралық «SILK WAY FASHION EXPERIENCE» сән фестивалі өтті.

Фестиваль Жамбыл облысы әкімдігінің «Кәсіпкерлікті индустриалды-инновациялық дамыту» КММ, Облыстық «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы, мәдениет және тілдерді дамыту басқармасы, әйелдер кәсіпкерлігінің салалықаралық кеңесі «Іскер әйелдер кеңесі», Республикалық Re.Women қауымдастығы, облыстық әйелдер және отбасы-демографиялық саясат жөніндегі комиссия, Respublica және «Ауыл» партияларының Жамбыл облыстық филиалдары, М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің қолдауымен өткізілді.

Фестиваль бағдарламасына «Кәсіпкерлік және креативті индустриялар» форумы, киім эскиздері конкурсы, танымал қазақстандық дизайнерлердің коллекцияларының fashion-көрмесі, қолданбалы сәндік-қолөнер бұйымдарының шығармашылық жәрмеңке-көрмесі, шоу-рум және «Преображение» жобасы кірді.

Киім эскиздері конкурсына Қазақстан мен жақын шет елдердің профилдік орта, арнаулы және жоғары оқу орындарының студенттері, жас дизайнерлер, шығармашылық ұжымдар мен сән үйлері қатысты. Байқауда Дулати университеті, Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық университеті, Алматы технологиялық университеті және И.Раззаков атындағы Қырғыз мемлекеттік техникалық университетінің студенттері өз жұмыстарын ұсынды.

Конкурс қорытындысы бойынша:

- III орын – Гүлназ Дүйсембаева (Алматы технологиялық университеті, жетекші: Маржан Омарбекова) және



Адилена Канаева (И. Раззаков атындағы Қырғыз техникалық университеті, жетекші: Айнура Джолдосева).

- II орын – Дулати университетінің студенттері Әнел Сәрсембай (жетекші: Гулнара Смагулова), Жаныл Оразбек (жетекші: Акмарал Жаппарова), Шұғыла Қиялбек (жетекші: Айша Мукаева) және Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық университеттің студенті Гүлнұр Әділбекқызы.

- I орын – Жазира Бақытжан (Дулати университеті, жетекші: Роза Пернебаева).

- Бас жүлде – Екатерина Дорошенко (Дулати университеті, 4-курс, жетекші: Гулнара Смагулова) «Золото наследия» коллекциясымен марапатталды.

Ерекше жүлде ретінде оның эскиздері бойынша киім коллекциясын тігуге Қазақстандағы алғашқы «Plus size» сән бренді мен Compliment дүкендер желісінің негізін қалаушы Евгения Саладинова уәде берді.

Сән конкурсының номинациялары бойынша жеңімпаздар:

- Prêt-à-porter – Толғанай Назарбай, «Denim Nomad» коллекциясы;

- Балалар костюмы – Мектеп оқушылары сарайының тәрбиеленушілері «Потомки солнца» коллекциясы;

- Кешкі көйлектер – I орын – Мейрім Үйкен, «Жасмин» коллекциясы (Ш. Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті), II орын – «Борт» коллекциясы, III орын – «Волна орнамента».

Фестиваль аясында Дулати университетінің студенттері төрт этнографиялық костюм коллекциясын таныстырды: «Ұлы Жібек жолы», «Шығыс шұғыласы», «Қызыл кербез» және «Дала нақышы» (жетекшілер: Сулуаш Байжанова, Уржамал Келесова, Акмарал Жаппарова, Роза Пернебаева).

Барлық қатысушылар сертификаттармен, жетекшілер Алғыс хаттармен марапатталды. Ал, жеңімпаздар халықаралық үлгідегі дипломдар, сыйлықтар және естелік сыйлықтарға ие болды.

«АЙША БИБІ» ӘЙЕЛДЕРДІҢ КӨШБАСШЫЛЫҚ МЕКТЕБІ АШЫЛДЫ



Университет қабырғасында Дулати университеті және «AMANAT» партиясының Жамбыл облыстық филиалының ұйымдастыруымен «Айша бибі» әйелдердің көшбасшылық мектебінің ашылу салтанаты өтті.

Мектептің мақсаты – әйелдердің басқарушылық қабілеттерін дамыту арқылы көшбасшылық дағдыларын жетілдіру.

Жиында партия жанындағы Әйелдер қанатының мүшелері, «Әйел аманаты» жобасы аясында іріктелген 100-ге жуық қатысушы, облыстық және қалалық мәслихат депутаттары, университеттің профессор-оқытушылар құрамы мен қоғам қайраткерлері қатысты.

«Айша бибі» әйелдердің көшбасшылық мектебі – партияның «Айша бибі» өңірлік бастамасы аясында жүзеге асырылып отырған жоба. Сонымен қатар, жоба өңірлік және жергілікті деңгейде бәсекеге қабілетті әйел кадрларын дайындауға, қоғамдағы гендерлік теңгерімді

нығайтуға ықпал етеді.

Ашылу салтанатында «Айша бибі» әйелдердің көшбасшылық мектебінің оқу бағдарламасы таныстырылды. Бағдарлама көшбасшылық теориясының негіздерін, жеке даму, коммуникация, шешім қабылдау және қоғамдық белсенділік бағыттарын қамтиды.

Сонымен қатар, Дулати университеті мен AMANAT партиясының Жамбыл облыстық филиалы арасында ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылды.

AMANAT партиясының Жамбыл облыстық филиалының төрағасы Дауыл Ынтықбайұлы құттықтау сөз алып, жобаның өңірдегі маңыздылығын атап өтіп, оның әйелдердің көшбасшылық және кәсіби

дағдыларын дамытуға бағытталғанын жеткізді.

Ол қатысушыларды белсенділік танытуға, өз әлеуетін толық ашуға және тәжірибе алмасу арқылы жаңа шешімдерді игеруге шақырды. Сондай-ақ, жоба аясындағы ынтымақтастықтың өңірлік деңгейде маңызды екенін ерекше атап, қатысушыларға жаңа мүмкіндіктер ашатынын жеткізді.

Ал, Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер бойынша проректор Рыскуль Құдретуллаева «Айша бибі» көшбасшылық мектебінің оқу бағдарламасының құрылымы мен мазмұнын таныстырды. Ол теориялық сабақтар мен практикалық тренингтердің қатысушылардың кәсіби дамуына және көшбасшылық дағдыларын жетілдіруге қалай ықпал ететінін түсіндірді.

Сонымен қатар, жобаның қатысушыларға өз қабілеттерін шыңдауға, белсенділік танытуға және жаңа тәжірибелерді игеруге мүмкіндік беретінін ерекше атап өтті.

Жиын барысында табысты әйелдер қатысушыларға мотивация беріп, өз тәжірибелерімен бөлісті.

Мамандардың әңгімелері шабытқа толы болып, қатысушылардың көшбасшылық қасиеттерін дамытуға, кәсіби дағдыларын жетілдіруге деген ынтымақ арттырды.

Сонымен қатар, тәжірибелі спикерлердің мысалдары қатысушыларға жаңа идеялар ұсынды, шешім қабылдау дағдыларын қолдану жолдарын көрсетті және өз әлеуетін толық ашуға бағыттауын серпін берді.

Салтанатты жиыннан соң, көшбасшылық мектебінің алғашқы оқу модулі басталды.

Қатысушылар теориялық сабақтардан бөлек, практикалық тапсырмаларды орындап, көшбасшылық қасиеттерін дамытуға бағытталған арнайы тренингтерге қатысты.



ТАНЫМ

ҰЛТ РУХАНИЯТЫНЫҢ ЖАНАШЫРЫ

Қазақ руханияты мен ұлттық тарихының дамуына өлшеусіз үлес қосып жүрген тұлғалардың бірі – Мұхтар Қазыбек. Ол – жазушы, ғалым, тарихшы, аудармашы, баспагер әрі қоғам қайраткері ретінде ел жадында ерекше орны бар азамат.

Мұхтар Қазыбектің шығармашылық жолы – ізденіс пен еңбектің, ұлттық құндылықтарға деген адалдықтың жарқын көрінісі. Оның қаламынан туған еңбектер қазақ халқының тарихи жады мен рухани мұрасын жаңғыртуға бағытталған. Әсіресе, ұлттық тарихты терең зерттеп, оны көркем әрі ғылыми тұрғыда насихаттауы – ғалымның басты ерекшеліктерінің бірі.

Қазіргі тарих ғылымында тұлғатану бағыты ерекше маңызға ие. Өйткені тарихи процестерді түсіндіруде жеке тұлғалардың рөлі, олардың қоғамдық-саяси қызметі мен рухани мұрасы негізгі зерттеу объектілерінің біріне айналды. Осы тұрғыдан алғанда Мұхтар Қазыбектің еңбектері тарихи тұлғаларды кешенді түрде зерттеуге бағытталған ғылыми ізденістердің маңызды бағыттарының бірі ретінде қарастырылады. Ғалым еңбектері арқылы тарихи тұлғаның тек белгілі бір кезеңдегі қызметі ғана емес, оның тұтас дәуірімен өзара байланысы, тарихи үдерістерге ықпалы айқындалады.

Ғалымның зерттеулерінде тарихи тұлғаны тек өмірбаяндық деңгейде сипаттау емес, оның тарихи кезеңмен, әлеуметтік ортамен және рухани кеңістікпен тығыз байланысын ашу басты назарға алынады. Бұл тәсіл тұлғаны жеке дара қарастырудан гөрі, оны қоғамның ажырамас бөлігі ретінде зерделеу мүмкіндік береді. Осы арқылы Мұхтар Қазыбек тарихи тұлғаның қалыптасуына әсер еткен ішкі және сыртқы факторларды жан-жақты талдап, тұлғатану ғылымының әдіснамалық негізін тереңдетеді.

Сонымен қатар, ғалым еңбектерінде тарихи тұлғалардың қызметі ұлттық тарихтың даму логикасымен сабақтастықта қарастырылып, олардың қоғамдық ой-санаға, ұлттық құндылықтар мен тарихи жақтың қалыптасуына қосқан үлесі айқындалады. Бұл тұлғатану зерттеулер тұлғатану саласының тек теориялық тұрғыдан ғана емес, практикалық және тәрбиелік маңызын да арттыра түседі.

Тұлғатану – тарих ғылымындағы жеке тұлғалардың өмірі мен қызметін зерттейтін ғылым. Бұл салада негізгі назар тарихи тұлғаның қоғамдағы орнына, оның тарихи үдерістерге ықпалына және мәдени-рухани мұрасына аударылады.

Мұхтар Қазыбектің еңбектерінде тұлғатану мәселесі кең ауқымда қарастырылады. Ол тарихи тұлғаларды ұлттық тарихтың ажырамас бөлігі ретінде зерттеуді ұсынады. Мұхтар Қазыбектің ғылыми және қоғамдық қызметінің маңызды бағыттарының бірі – тарихи мұраларды қайта жаңғырту және оларды ғылыми айналымға енгізу болып табылады. Осы тұрғыда ғалым «Қанмен жазылған кітап» (1991) еңбегін архивтік материалдар негізінде аударып, баспадан шығару ісіне тікелей атсалысты. Бұл еңбек әскери тарих пен ұлттық рух мәселелерін терең түсінуге мүмкіндік беретін құнды дереккөздердің бірі ретінде бағаланады. Сонымен қатар «Психология войны» еңбегі арқылы соғыс психологиясы, жауынгер тұлғасы және ерлік феномені ғылыми тұрғыда талданады.

Сондай-ақ ғалымның Мұхаммед Хайдар Дулати мұрасын зерттеудегі еңбегі ерекше атап өтуге тұрарлық. 1999 жылы ғұламаның 500 жылдық мерейтойының ЮНЕСКО аясында аталып өтуіне байланысты ұйымдастырылған іс-шараларға белсенді қатысып, Қазақстан делегациясын жасақтауға үлес қосты. Аталған мерейтой шеңберінде Кашмир жерінде орналасқан Дулати қабіріне Тараз топырағын апару және баба қабірінен алынған топырақты туған жерге жеткізу рәсіміне қатысуы – тарихи-рухани сабақтастықтың жарқын көрінісі болды. Мұхаммед Хайдар Дулатидің әйгілі «Тарих-и Рашиди» еңбегін қазақ тіліне аудару ісіне тікелей атсалысты. Нәтижесінде, ортағасырлық маңызды дереккөз ана тілімізде кең ғылыми айналымға енді. Бұл аударма ұлттық тарих ғылымының дамуына елеулі үлес қосып, ортағасырлық деректерді кеңінен пайдалануға жол ашты.

Тұрар Рысқұлов тұлғасын зерттеу бағытында да Мұхтар Қазыбек елеулі еңбек етті. Ол бұл тақырыпта өзінің туған інісі, Зерттеуші Паппар Маймаковпен бірлесіп «Құпия кеңестер» атты ғылыми-зерттеу жұмысын жазды. Бұл еңбекте тарихи тұлғаның қызметі жаңа архивтік деректер негізінде қарастырылып, оның қоғамдық-саяси рөлі тереңірек ашылады.

Ғалымның қоғамдық-ағартушылық қызметі де назардан тыс қалмайды. Ол Алматы қаласындағы №137, №115 қазақ мектептері мен №129 балабақшасының ашылуына белсенді түрде атсалысып, ұлттық білім беру жүйесінің дамуына үлес қосты.

Мұхтар Қазыбектің ғылыми-ағартушылық қызметін толық түсінуге үшін оның баспагерлік еңбегіне де ерекше назар аудару қажет. Жалпы, адамзат өркениетінің көп ғасырлық тарихында рухани мәдениет құндылықтарының кейінгі ұрпаққа жетуді көрнекті ғалымдар, ақын-жазушылар, мемлекет және қоғам қайраткерлерінің мұраларын сақтап, тарату ісімен тығыз байланысты. Бұл үдерісте көне дәуірдегі қолжазбаларды каллиграфтар (құсни хатшылар) әсемдеп көшірсе, кейінгі кезеңдерде баспагерлердің еңбегі арқылы кітап болып жарық көріп, кең таралды. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ мәдениеті тарихында баспагерлік қызметі арқылы ұлттық рухани құндылықтарды насихаттауға үлес қосқан тұлғалардың бірі – Мұхтар Қазыбек. Ол тек ғалым, зерттеуші ғана емес, сонымен қатар кәсіби баспагер ретінде де танылды.

Мұхтар Қазыбек әр жылдары республикалық «Қазақстан» баспасында редактор, аға редактор, ғылыми-көпшілік әдебиеттер редакциясының меңгерушісі (1976–1985 жж.), «Санат» баспасының бас редакторы (1996–1999 жж.), сондай-ақ «Қазақ университеті» баспасының директоры (2000–2001 жж.) қызметтерін атқарды.

XX ғасырдың 70–90-жылдары мен XXI ғасырдың басында аталған баспа-лардан жарық көрген әдеби, ғылыми және тарихи-танымдық еңбектердің басым бөлігі Мұхтар Қазыбектің ұйымдастырушылық қабілеті мен кәсіби біліктілігінің нәтижесінде жүзеге асты. Оның баспагерлік қызметі ұлттық тарих, әдебиет және мәдениетке қатысты құнды еңбектердің кең таралуына, ғылыми айналымға енуіне мүмкіндік берді.

Осылайша, Мұхтар Қазыбектің қызметі тек тұлғатану саласындағы зерттеулерімен ғана емес, сонымен қатар рухани мұраны сақтау, жариялау және насихаттау ісіндегі баспагерлік еңбегімен де ерекшеленеді. Бұл оның ұлттық мәдениетті дамытудағы көпқырлы тұлға екенін айқын көрсетеді.

Мұхтар Қазыбектің еңбектерінде Мұхаммед Хайдар Дулати тұлғасын зерттеу ерекше орын алады. Автор Тарих-и Рашиди еңбегіне ғылыми талдау жасай отырып, тарихи тұлғаның ғылыми бейнесін қайта қарастырады. Аталған шығарма тек тарихи дерек көзі ретінде ғана емес, сонымен қатар әдеби-мемуарлық мұра ретінде де кешенді түрде қарастырылады. Осы тұрғыда Мұхтар Қазыбек Дулати мұрасын зерттеуде панаралық тәсілді қолдана отырып, оның еңбектерін тарих, әдебиет және деректану тұрғысынан бірлікте талдайды.

Ғалым Дулати еңбегін талдау барысында деректанулық, мәтіндік және салыстырмалы-тарихи әдістерді ұтымды үйлестірді. «Тарих-и Рашиди» шығармасының құрылымдық ерекшеліктері, баяндау стилі, оқиғаларды жүйелеу тәсілі мен авторлық ұстанымы жан-жақты сараланады. Бұл арқылы Дулати еңбегінің тек тарихи оқиғаларды баяндап қана қоймай, сол дәуірдің саяси-әлеуметтік жағдайын, мәдени-рухани кеңістігін бейнелейтін күрделі туынды екендігі дәлелденеді.

Сонымен қатар, Мұхтар Қазыбек Дулати еңбегіндегі деректердің шынайылығы мен тарихи құндылығына ерекше назар аударды. Ғалым тарихи мәліметтерді өзге дереккөздермен салыстыра отырып, олардың нақтылығын айқындайды. Бұл тәсіл Дулати шығармасының ғылыми айналымдағы орнын нақтылап, оның ортағасырлық тарих-намадағы сенімді дереккөз ретіндегі маңызын арттыра түседі.

Мұхтар Қазыбек зерттеулерінде Дулати тұлғасы тек шешірісі немесе тарихшы ретінде ғана емес, мемлекет қайраткері, дипломат және ойшыл ретінде кеңінен ашылады. Оның Моғолстан мемлекетінің саяси өміріндегі рөлі, Жетісу өңіріндегі тарихи үдерістерге ықпалы және Орталық Азия кеңістігіндегі қызметі нақты тарихи фактілер негізінде талданады. Бұл тұрғыда ғалым Дулати тұлғасының көпқырлы болмысын көрсету арқылы тұлғатану ғылымындағы кешенді зерттеу қағидаттарын жүзеге асырады.



Дулати еңбегінің тағы бір маңызды қыры – оның авторлық көзқарасы мен тарихи оқиғаларды бағалаудағы субъективті ұстанымы. Мұхтар Қазыбек осы мәселеге арнайы тоқталып, автордың жеке тәжірибесі мен саяси жағдайларға байланысты көзқарастарының мәтін мазмұнына әсерін талдайды. Нәтижесінде, Дулати еңбегін пайдалануда сыни көзқарастың қажеттілігі айқындалады.

Сонымен бірге, ғалымның Тарих-и Рашиди еңбегін қазақ тіліне аударуы ұлттық тарих ғылымындағы елеулі жетістіктердің бірі болып табылады. Бұл аударма арқылы ортағасырлық жазба мұралар ана тілінде сөйлеп, кең ғылыми қауымдастық пен оқырманға қолжетімді болды. Аталған еңбек тарихи білімді насихаттауда және ұлттық тарихи сананы қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Мұхтар Қазыбектің Дулати мұрасын зерттеудегі еңбектері тек ғылыми деңгейде ғана емес, сонымен қатар рухани-мәдени тұрғыдан да маңызды. Ғалым тарихи тұлғаның мұрасын қазіргі қоғаммен байланыстыра отырып, оның идеялары мен құндылықтарының бүгінгі күндегі өзектілігін көрсетеді. Бұл бағыттағы зерттеулер тарихи сабақтастықты сақтауға және ұлттық бірегейлікті нығайтуға ықпал етеді.

Мұхтар Қазыбектің Мұхаммед Хайдар Дулати тұлғасына қатысты зерттеулері тұлғатану ғылымының дамуына елеулі үлес қосады. Ғалым еңбектері Дулати мұрасына жаңа ғылыми деңгейде танытуға, оның тарихи және мәдени маңызын терең түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар бұл зерттеулер ортағасырлық тарихнама мәселелерін қайта пайымдауға жол ашып, ұлттық тарих ғылымының дамуына тың серпін береді.

Ғалымның зерттеу аясына әскери тарих пен ұлттық рух мәселелері де кіреді. Бауыржан Момышұлы сияқты тұлғалардың өмірі мен еңбектері арқылы автор соғыс психологиясы, ерлік феномені және ұлттық сана мәселелерін талдайды.

Бұл еңбектерде тұлға тек тарихи кейіпкер ретінде емес, ұлттық сананы қалыптастырушы рухани феномен ретінде қарастырылады. Соғыс тәжірибесі мен адамның ішкі психологиясын байланыстыра зерттеу – Мұхтар Қазыбектің ғылыми ерекшеліктерінің бірі.

Ғалымның зерттеу еңбектерінде қазақ халқының өткен тарихы, ұлт зиялыларының тағдыры, тарихи тұлғалардың өмірі мен қызметі кеңінен қамтылады. Ол дерек пен дәйекке сүйене отырып, тың тұжырымдар жасап, ұлттық тарихты жаңаша пайымдауға жол ашады. Бұл-бүгінгі жас ұрпақ үшін аса маңызды рухани бағдар.

Мұхтар Қазыбек – тек зерттеуші ғана емес, сонымен қатар аудармашылық салада да өнімді еңбек еткен қаламгер. Әлем әдебиетінің озық үлгілерін қазақ тіліне аудару арқылы ол ұлттық мәдениеттің көкжиегін кеңейтуге зор үлес қосты. Оның аудармалары – тіл тазалығы мен көркемдік шеберліктің үлгісі.

Сонымен қатар, ол баспагерлік қызметі арқылы да қазақ әдебиеті мен ғылымының дамуына ықпал етті. Жас қаламгерлерді қолдап, олардың шығармаларының жарық көруіне мүмкіндік жасауы – оның ұлт болашағына деген жанашырлығының айқын дәлелі.

Қоғам қайраткері ретінде Мұхтар Қазыбек елдің мәдени-рухани өміріне белсене араласып, түрлі ғылыми конференциялар мен әдеби кездесулердің ұйытқысы болып келеді. Оның бастамасымен ұйымдастырылған шаралар ұлттық құндылықтарды дәріптеуге бағытталған.

Бүгінгі таңда Мұхтар Қазыбектің еңбектері ғылыми ортада жоғары бағаланып, оқырман қауымының зор ықыласына ие. Оның шығармашылығы – ұлт тарихына деген құрметтің, руханиятқа деген адалдықтың жарқын үлгісі.

Қорыта айтқанда, Мұхтар Қазыбек-қазақ руханиятының дамуына елеулі үлес қосып келе жатқан көрнекті тұлға. Оның еңбегі мен өнегесі – келер ұрпақ үшін сарқылмас қазына.

Самбетова Гауһар Тешенбайқызы магистр, «Дулатитану және өңір тарихы» ғылыми-зерттеу орталығының аға қызметкері.

ЖАС ҰРПАҚҚА БЕРЕРІ МОЛ, МАҒЫНАЛЫ БАСҚОСУ

Жақында М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінде педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, Қапаш Тасболатұлының 100 жылдық мерейтойына арналған «Филолог, ұстаз – ұлт жанашыры» тақырыбында халықаралық ғылыми конференция онлайн және офлайн форматта өтті.



Ғылыми жиынға Қазақстан және шетелдік жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылар құрамы, ғалымдар, докторанттар, магистранттар, мектеп және колледж мұғалімдері, БАҚ өкілдері қатысты.

Ғылыми жиынның негізгі мақсаты – филолог-ұстаздардың қоғамдағы рөлін айқындау, ұлттық руханият пен құндылықтарды сақтаудағы жауапкершілігін талқылау арқылы тіл білімі, әдебиеттану және журналистика саласындағы өзекті ғылыми мәселелерді қарастыру. Сонымен қатар, білім беру жүйесіндегі цифрлық технологиялар мен жасанды интеллекттің қолданылу мүмкіндіктерін саралау.

Тағылымға толы басқосуда модератор әрі Басқарма Мүшесі – ғалым және цифрландыру жөніндегі проректор Сейтжан Орынбаев алғы сөз алып, Қапаш Тасболатұлының ғылыми-педагогикалық мұрасының ұлттық білім беру жүйесіндегі орнына тоқталды. Проректор ғалым еңбектерінің бүгінгі білім беру кеңістігінде қолданбалы маңызға ие екенін атап өтіп, қазіргі цифрлық дәуірде филолог-ұстаздардың кәсіби бейнесі жаңа мазмұнмен толыққанып жеткізді. Білім беру үдерісіндегі инновациялар мен цифрлық шешімдерді тиімді пайдалану – уақыт талабы екенін айтты.

Филология ғылымдарының кандидаты, профессор Зибә Құламанова Қапаш Тасболатұлының ұстаздық жолы мен ғылыми мектебінің тағылымдық қырларына тоқталып, оның әдістемелік көзқарастары ұлттық педагогикамен тығыз сабақтас екенін атап өтті. Филология саласындағы ғылыми ізденістердің бағыттары мен жас зерттеушілерді қолдау мәселесіне назар аударып, халықаралық ғылыми ынтымақтастықтың маңызын ерекше айтты.

Конференция барысында Қапаш Тасболатұлының өмірі мен ғылыми жолына арналған бейнебаян көрсетіліп, оның ұстаздық болмысы мен ғылыми еңбектерінің мәні кеңінен таныстырылды. Бұдан кейін пленарлық отырыс ғылыми баяндамаларға ұласты.



Алғашқы баяндамалардың бірі АҚШ, Калифорния университетінің профессоры, «Болашақ» халықаралық бағдарламасының стипендиаты Назғұл Шығысова тарапынан жасалды. Профессор «Жоғары білім беруіндегі жасанды интеллект технологиясын студенттердің қабылдауы» тақырыбында сөз сөйлеп, қазіргі білім беру жүйесінде жасанды интеллекттің рөлі, студенттердің цифрлық дағдылары және оқу процесіндегі жаңа мүмкіндіктер мен сын-қатерлер туралы ғылыми талдау жасады.

Ал, Сәуле Иманберді «Дримоним – Ұлы Жібек жолы» тақырыбында баяндама жасап, тарихи атаулардың мәдени-танымдық маңызын және ономастикалық кеңістікті ұлттық жадымен байланыстын ғылыми тұрғыдан түсіндірді. Оның зерттеу тарихи география мен тіл ғылымының тоғысуын көрсететін маңызды еңбек ретінде бағаланды.

Солтүстік Македониядан келген доцент Мейрамқұл Иссаева «Цифрлық технологиялар мен жасанды интеллекттің жоғары оқу орны мен мектептің білім беру орнындағы қолданылуы» тақырыбында баяндама жасап, білім беру жүйесінің цифрлық трансформациясы, оқытушы рөлінің өзгеруі және жаңа педагогикалық модельдер туралы ой қозғады.

Қырғыз Республикасынан Үпөл Керимканова өз еліндегі 12 жылдық білім беру жүйесінде көшу тәжірибесімен бөлісіп, жаңа оқыту құралдарының енгізілуі мен білім мазмұнының жаңару бағыттарын таныстырса, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры Шолпан Қудырова педагогтардың цифрлық құзыреттілігін арттыру жолдарын қарастырып, заманауи мұғалімнің ақпараттық ортаға бейімделуінің маңызын атап өтті.

Өз кезегінде КИМЕР университетінің профессоры Айнұр Әбіш «Stance and interrogatives in Kazakh» тақырыбында ағылшын тілінде баяндама жасап, қазақ тіл біліміндегі синтаксистік құрылымдарды халықаралық ғылыми кеңістікке шығару мәселесін көтерді.

Сондай-ақ, Нұрайша Бекеева Шығыс Түркістан топонимиясын басатын дискурс аясында зерттеп, түркілік тарихи қабаттардың ғылыми интерпретациясын ұсынды. Аталған зерттеу түркі әлемі тарихын қайта пайымдауға бағытталған маңызды еңбек ретінде жоғары бағаланды.

Конференция барысында профессор, филология ғылымдарының докторы Сәмен Құлбарақ Қапаш Тасболатұлының әдістемелік мұрасына тоқталып, оның сабақ талдау принциптерінің бүгінгі педагогика ғылымындағы маңызын атап өтті.

Сонымен қатар, ғалымдар мен шәкірттері профессор еңбектерін ұстаздық шеберліктің берік ғылыми негізі ретінде бағалады.

Сонымен қатар, көркем әдебиет пен оқыту әдістемесіне қатысты баяндамалар ұсынылды. Сайра Құлтөреқызы көркем шығарма мен мінез сабақтастығын талдап, әдебиеттің тәрбиелік әлеуетін айқындады. Ал өзге баяндамаларда оқу сауаттылығын дамыту, мәтінмен жұмыс жүргізу және эмоционалдық интеллектті қалыптастыру мәселелері қарастырылды.

Конференцияның келесі бөлігінде ономастика, тіл саясаты, ұлттық бірегейлік, топонимия және әдебиеттің әлемдік процестермен байланысы сияқты өзекті ғылыми бағыттар бойынша баяндамалар тыңдалды. Ғалымдар ұлттық тіл мен мәдениетті сақтау, оны жаңадану кеңістікке бейімдеу мәселелерін жан-жақты талқылады.

Секциялық жұмыстар барысында журналистика мен филологияның цифрлық трансформациясы, білім беру жүйесіндегі жаңа әдістер, жасанды интеллекттің оқу үдерісіне әсері және тілдік зерттеулердің заманауи бағыттары бойынша пікір алмасу ұйымдастырылды. Қатысушылар тәжірибе алмасып, бірқатар ғылыми ұсыныстар білдірді.

Ғылыми жиын қорытындысы бойынша конференция қатысушылары филология ғылымын дамыту, білім беру сапасын арттыру, ана тілінің мәртебесін көтеру және ұлттық мәдени мұраны сақтау бағытында бірқатар нақты ұсыныстарды қамтитын резолюция қабылдады.

Жас ұрпаққа берері мол, бұл мағыналы басқосудың мәні мен мазмұнының зор екендігі сөзсіз.

СПОРТ

ДУЛАТИ СТУДЕНТТЕРІ СПОРТ
ЛИГАСЫНДА ТӨП ЖАРДЫ

Түркістан қаласында Қазақстан Республикасының ЖОО арасындағы Студенттік спорт лиганың «Оңтүстік» аймақтық кезеңі өтті. Қазақша күрес сайысында Дулати университетінің студенттері белсенді қатысып, бақтарын сынады.

Жарыс нәтижесінде студенттер төмендегі орындарға ие болды:

- 60 келіде: Мұқаметәлі Сағат – 3 орын
- 65 келіде: Таңжарықова Ұлдана – 1 орын
- 66 келіде: Келсинбеков Асылжан – 2 орын
- 74 келіде: Есеналиев Ринат – 2 орын
- 75 келіде: Сәткей Жанна – 3 орын
- 82 келіде: Илиясулы Нұрдаулет – 3 орын
- 90 келіде: Арман Илияс – 2 орын
- +90 келіде: Қойшыбай Бауыржан – 3 орын

Осы нәтижелер бойынша Дулати университетінің палуандары жалпы командалық есепте II орынды иеленді.

Сондай-ақ, ұлттық ойын - тоғызқұмалақ бойынша Дулати университетінің құрамасы үздік нәтиже көрсетіп, жалпы командалық есепте I орын иеленді.

Ерлер арасында келесі нәтижелер тіркелді:

- Акимхан Саясат – 1-орын
- Амангелді Сұлтан – 2-орын
- Жұмабек Нұрсауле – 1-орын

Қыздар арасында:



Қазақ жоғары және білім қоры

- Жолыш Жанат – 1-орын
- Молдабек Айдана – 2-орын
- Али Алия – 1-орын

Сонымен қатар, Дулати университетінің волейболдан қыздар командасы 15 жоғары оқу орны арасынан II орын иеленді.

Құраманы аға оқытушы Джанар Камысбаева жаттықтырса, волейболдан қыздар командасын Нурдаулет Ағаниязов дайындады.

Баскетболдан Дулати университеті студенттерінен құралған команда I орынды жеңіп алды. Жарыс барысында университет спортшылары шебер ойын

өрнегін көрсетіп, қарсыластарынан басым түсіп, чемпион атанды. Баскетболшыларымыздың жеңіске жетуіне жаттықтырушы, аға оқытушы Дастан Джылысбаевтың қосқан үлесі зор.

Аталған жеңістер Дулати университетінің спорттағы беделін одан әрі арттырып, қазақша күрестен, тоғызқұмалақтан, волейболдан жастарымыздың жоғары дәрежедегі шеберлігін көрсетті.

Барлық жеңімпаздарды шын жүректен құттықтаймыз! Алдағы жарыстарда да табыс тілейміз, белестеріңіз тек өсіп, жеңістеріңіз мол болсын!

ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ
ЧЕМПИОНАТТА ДУЛАТИ СТУДЕНТІ
ЖЕҢІСКЕ ЖЕТТІ

Ақтау қаласында жастар арасында Самбо спортынан Қазақстан Республикасының чемпионаты өткен болатын.

Аталған жарыста Дулати университетінің студенті Махамбет Сенім 98 келіден жоғары салмақ дәрежесінде бақ сынап, I орынға ие болып, чемпион атанды.

ДУЛАТИ СТУДЕНТТЕРІ
ЧЕМПИОН АТАНДЫ

Тараз қаласында өткен Бекзат Саттархановты еске алуға арналған халықаралық бокс турнирі аясында М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің студенттері жоғары нәтиже көрсетті.



Аталған жарыста Лесбай Шамсат пен Қалабай Ақжүрек өз салмақ дәрежелерінде үздік өнер көрсетіп, турнир жеңімпазы атанды.

Жеңімпаздар мен жарысқа дайындалған жаттықтырушы, университеттің құрметті профессоры Нұрлан Ақүрпековті құттықтаймыз!

Бұл бапкерлердің ақыл кеңесі мен спортшыларға артқан сенімінің нәтижесі.

АЗИЯ
ЧЕМПИОНАТЫНДА
ЖҮЛДЕГЕР
АТАНДЫ

Дулати университетінің студенті, «Қазақстан Республикасының халықаралық спорт шебері» атағының иегері Айжан Беримкулова халықаралық жарыста жүлделі орынға ие болды.

2026 жылдың 7–12 сәуір аралығында Бангкок қаласында (Тайланд) өтіп жатқан Азия және ашық Тынық мұхиты чемпионатында спортшы жоғары деңгейде өнер көрсетіп, қазір 2-орынды иеленді.

Жеңімпазды құттықтаймыз! Алдағы жарыстарда да биік белестерді бағындырып, ел абыройын асқақтата беруіне тілектеспіз!

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРНИРДІҢ
ЧЕМПИОНЫ АТАНДЫ

«Tashkent Open»

халықаралық турнирінде таэквондодан тартысты бәсеке өтті. Аталған жарысқа түрлі елдерден келген спортшылар қатысып, өзара мықтыны анықтады.

Турнир қорытындысы бойынша Дулати университетінің 1 курс студенті Қарақат Рахманқұл жоғары деңгейде бақ сынап, қарсыластарынан басым түсіп, алтын медаль иеленді.

Айта кетейік, мұндай ірі турнирлер жас спортшылардың тәжірибе жинақтап, кәсіби деңгейін арттыруына мүмкіндік береді.

Мамандардың айтуынша, Қарақаттың алдағы жарыстарда да жоғары нәтиже көрсетуге әлеуеті зор.

Біздің де дүбірлі додалар мен байрақты бәсекелерде Қарақаттың топ жаратындығына сеніміміз мол.